



8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

8 НАУРЫЗ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!



КЕЛБЕТ

Меруерт СҮЛЕЙМЕНОВА:

Меруерт Сүлейменова – бойындағы ерік-жігерімен, қайтпас қайсарлығымен өзгелерге үлгі. Қоларбаға таңыса да, қоғамдық жұмысқа белсене араласып, тағдырлас жандарға демеу бола білді. Ол – он жылдан бері «Нұр Отан» ХДП Алматы қалалық филиалы қоғамдық-саяси жұмыстар бөлімінің кеңесшісі. Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, Меруерт ханыммен кездесіп, әңгіме-дүкен құрдық.

(Жалғасын 3-беттен оқыңыздар)

ӘЙЕЛ ӘР КЕЗДЕ ДЕ ӘДЕМІ БОЛУЫ КЕРЕК!



РУХАНИЯТ

БАҚЫТЫМДЫ САҒЫНАМЫН...



Сол жылдары Канекеңнің бір ескі «уазигі» бар еді. О шіркіннің жүргенінен, қаңтарылып тұрғаны көп болатын. Зәуіде бір жаққа мініп бара қалсақ, тоқтаған жерінде өшіп қалып, екі-үш бала жабыла итеріп, өрең қозғалтып, әуірімдеп от алдырып жататын.

Міне, сол машина Иман мен Бақытқа жақсы

ермек болды. Ауылдағы механик жігіттерді «сқатай-көкетай» деп үйге шақырып, әлгі «уазикті» шұқылап жөндейді де жатады. Сөйтіп жүріп екеуі де техниканың қыр-сырын ерте түсініп, төп-тәуір-ақ игеріп алды.



БИРЖАМЕТР



МУНАЙ (brent)
64,57



DOLLAR
419



EURO
504,9



РУБЛЬ
5,64

АЛТЫН АРҚАУ

Жаһандану, ғаламдық індет, сондай-ақ басқа да аумалы-төкпелі өзгерістер легі саналы адамды ойландырмай қоймайды. Оның бір себебін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен де қымбат» мақаласында: «Жаһандану кезінде ел жат жұрттың ықпалына бейсаналы түрде ілесіп кеткенін аңғармайды. Басқаша айтқанда, мәжбүрліктен емес, санасының ұлануы арқылы өз еркімен торға түседі. Сондықтан жаңа заманның жақсы-жаманын екшеп, артықшылықтарын бойға сіңірумен қатар, тамырымызды берік сақтауымыз қажет. Ұлттық болмысымыздан, төл мәдениетіміз бен салт-дәстүрімізден ажырап қалмау – барлық өркениеттер мидай араласқан аласапыранда жұтылып кетпеудің бірден-бір кепілі» деп атап көрсетті.

САНА ЖАҢҒЫРСА, ОТБАСЫ БЕРІК БОЛАДЫ



Ал біздің ең басты құндылығымыз бізге ғана емес, сан ғасырлар бойы ата-бабаларымызға да бөрінен қымбат болды. Соған қол жеткізген біздің ұрпақтың одан асқан байлығы жоқ, оған теңдес тірегі де жоқ. Қымбатымыз бен асылымызды қорғап, елдігімізді нығайту үшін шынында салт-дәстүрімізді сақтауға міндеттіміз. Соның бірі – отбасын құру, көп балалы болу деп айтар едік. Біз ең әуелі көп болуға, яғни бірлігі мығым халқымызбен көп болуға тиіспіз. Ықылым заманнан көбеюді өсиет еткен салт-дәстүрімізді ұстануға не кедергі? Бұдан да қиын кезеңдерге ата-бабаларымыз ұрпақ өрбітті емес пе? Сондықтан бәрін уақытша қиындықтарға, әлеуметтік жағдайға сілтей салу қаншалықты қисынды?

Біздіңше, тым жиілеп кеткен дәм-тұздың жараспауы, түрлі себептермен ажырасу, мейірімсіздік пен қайырымсыздықтың қаптап кетуіне әсерін тигізген жәйіттердің алдын алу керек деп ойлаймыз. Өйткені тұрақты отбасын құру, көпбалалы болу – ұлтымыздың санын ғана емес, сапасын да еселеп арттырудың негізі. Олай болса, мемлекеттік құндылықтардың бірегейіне қамқорлық таныту – азаматтық қоғамның парызы десе болады. Көпбалалы болу тұрмысты тұрпаттудың орнына тынысты кеңейтіп, кедейліктен құтқаратын, ертеңгі күнге аяқты нық басқызатын құтты қадамға айналуы тиіс.

Отбасы құруда кездесетін қиындықтар некелесудің кешігуіне әкеліп соғады. Осындай жәйіттердің белен алып, өршіп-өсуі тиісті орындардың жұмысын жаңаша құруды талап етеді. Халқымызды алаңдататын мәселенің күйіп тұрғаны да жасырын емес. Мұндай жағдайды «Қайтып келген қыз жаман», «Тыртақай жігітке жыртақай әйел кез болар», «Отбасы ала болса, кереге басы сайын пәле бар» деген нақылды естіп өскен жастардың өздерінің қатысуымен, олардың ақыл-парасатымен ғана түзеуге болады.

(Жалғасы 3-бетте)



БИЛІК

Осы аптада Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров елімізде мемлекеттік сапармен болып қайтты. Келіссөз барысында мемлекет басшылары стратегиялық әріптестік пен одақтастықты одан әрі нығайту келешегін талқылады. Өңірлік және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

құрылымдар аясындағы байланыстар талқыланды.

Шағын және кеңейтілген құрамдағы екіжақты келіссөздердің қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Токаев пен Садыр Жапаров бұқаралық акпарат құралдары үшін бірлескен баспасөз мәслихатын өткізді.

— Қырғызстан — біз үшін одақтас мемлекет, тату көрші, бауырлас ел әрі сенімді серіктес. Саяси, экономикалық, гуманитарлық және әскери-техникалық салалардағы мүддеміз ұқсас. Осы уақытқа дейін екі ел арасында 180-ге жуық құжатқа қол қойылған. Біз бүгін де бірлескен мәлімдеме қабылдап, бірқатар маңызды келісімшартқа қол

ықпалдастығымыз көптеген елге үлгі болып отыр. Мемлекетаралық су шаруашылығы нысандарын пайдалану жөніндегі бірлескен комиссиямыз бар. Қазақстан бұл нысандарды жөндеу және пайдалану жұмыстарына жыл сайын қаржылай көмек көрсетіп отыр. Соңғы он жылда осы максатқа 1 млрд тенгеден астам қаржы бөлдік. Біз аталған мәселе бойынша жұмысты екіжақты форматта, өңірдегі басқа да әріптестерімізбен жалғастырамыз. Өзендер бойынша біз өзара тиімді іс-қимыл жасауымыз керек. Сонда ғана ешқандай келіспеушілік болмайды, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттер Қазақстан мен Қырғызстанның мәдени күндерін

Әлеумет.t⁰



НАСИХАТТЫҢ ҚҰРБАНЫ

Басқаға қайдам, маған жер бетіндегі алаяқ пен аяр әйелдің бәрі бізге келіп алғандай болып көрінеді. Түрлі акпарат пен жазбалар соның айғағы. Алдампаз шығаратын зауыт пайда болған ба, құдайдың құтты күні жұртты зар жылатып зытып отыратын қыз-қырқын қаптады.

Теледидардың ішінде өңшең бала-шағасын зарлатып тастап кеткен қаңғыбас әйелдер «өріп жүр».

«Бізге үй бер, несиемізді төле» деп көп балалы ханымдар күн құрғатпай әкімдіктің есігін тоқпақтайды да жатады. Мұндай қылық аяулы аналарымыз бен асыл әжелеріміздің миына да келмепті-ау!

Кірпік жапсырып, ернін дүрдиткен бойжеткендер құлды инкубатордан шыққандай. Неше түрлі байзакова, наршаеваларды айтпағанда!

Байзакова демекші, әне бір жылы елге танымал журналист Қымбат Әбілдина екеуі бір сұхбатта беттесті. Қымбат апайымыздың «Қарағым, ата-анан бар ма өзі? Олар саған ештеңе демей ме?» деген сөзінен нәтиже шығарды ма, қазір ол қыз бұрынғыдай атын шығару үшін «жер өртеп жатқан жоқ». Бірақ ондайлардың орны ешқашан бос қалмайды.

Түгелдей шешініп тастамаса да, жұлдыз атаулы төсі мен санын жалаңаштауға көшті. «Мейлі, не естесе де өз бұты ғой» деп қолды бір сілтеуге де болар еді. Бірақ бұлар жалпақ жұртқа үлгі көрсететін, ақыл-ойы піспеген кішкентай қыздар еліктейтін жандар емес пе? Осындайда қадірлі ұстазымыз, сатирик Темірбек Қожакеевтің айтқаны ойға оралады. Ол кісі ҚазМУ-дің журналистика факультетінің деканы болғанын көпшілік біледі. Біз оқуға түсе сала, қазақ бөлімін жинап алып, түгендегені бар. Сонда бір қыз иығы ашық көйлек киіп келіпті. Қожакеев «біздерде анадай бар, мынадай бар деп келдің бе?» деп санқ еткенде, әлгі қыз тұрмақ, бәріміз үстелдің астына кіріп кете жаздағанбыз. Ұлағатты ұстаздың осы бір ауыз сөзі бізге өмір бойы тежеу болды. Ол кезде журфактың қабырғасында қысқа етек киіп, кеудесі ашық киім киген қыздарды көрмейтінін. Міне, қазір сондай айқай салатын адам болмай тұр.

«Махаббат қызық мол жылдарды» жазған Әзілхан Нұршайықов ағамыздың мына сөзі де тәрбие: «Әйелдің ашық-шашық жерді көбейтпей жауып, жария етпей қымтап ұстауы абзал. Әсіресе, етекті қара санға дейін көтермеу, кеудені жалаңаштамау жөн. Сонда еркек елңдемейді, әйел алаңдамайды, адалдық бұзылмайды». Әттен, ойы да, бойы да көркем Ментайдың бейнесін сомдаған жазушының осы айтқанын қаперге алатын кім бар? Хайп қуып, лайк жинағандар жүгінетін бір амалы әлгі болса.

Мінекі, акпарат құралдары жабылып жүріп, оған әлеуметтік желі кикү қосып бүгінгі қазақ әйелінің жағымсыз, сүркия бейнесі сомдалды. Айналаға қарайықшы, қазақ әйелі шынымен сондай ма? Жок, әрине! Ендеше неге біз жақсыны насихаттамаймыз?

Гүлнар АХМЕТОВА

Аптаның ұсынысы



Ерлан СМАЙЫЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Елімізде әлеуметтік төлем мен жәрдемақы қарастырылған. Дегенмен бұл ана мен баланың өмір сүру деңгейін көтеруге айтарлықтай әсер етпейді. Бүгінгі кедей балалар – ертеңгі кедей мемлекет. Сондықтан елімізде әрбір балаға 4 миллион 200 мың теңге көлемінде мемлекеттік төлемді ана капиталы ретінде енгізу керек».

Аптаның жанайқайы



Мақсат РАМАНҚҰЛОВ,
Мәжіліс депутаты:

«Баяғыда төленген салық немесе айыппұл үшін қаншама адам зардап шегуде. Сот орындаушылар ескертпей-ақ қырық жылғы қарызды мойынға іліп қояды. Тіпті төлегеннен кейін де мемлекеттік органның мәлімет базасында берешегі «ілініп» тұрады. Оны алдырып тастауға уақытын кетіріп, жүйкесін жұқартып жүргендер көп».

СЕНІМДІ СЕРІКТЕСТІК

ЖАЛҒАСАДЫ



Ақорда резиденциясында Қырғыз Президенті Садыр Жапаровты салтанатты қарсы алу рәсімі өтті. Екі елдің мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Құрмет карауылы ротасының бастығы Қазақстан мен Қырғызстан президенттеріне рапорт берді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Садыр Жапаровтың президент ретінде алғашқы мемлекеттік сапарын Қазақстаннан бастағанының маңызы зор екенін атап өтті.

— Бұл Қазақстанға деген үлкен құрмет. Сапарыңыздың рөлі, мағынасы айрықша деп айтуға болады. Себебі бұл сапар екі ел арасындағы қарым-қатынастарға үлкен серпін береді. Біз бүгін ең өзекті мәселелер бойынша пікір алмасамыз. Құдай қаласа, екі халықтың мүддесіне сай тиісті келісімдерге қол жеткіземіз деп ойламын, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев қазақ-қырғыз байланыстары арасында дәстүрлі достықтың бар екеніне, сондай-ақ Қырғызстан — еліміз үшін тек одақтас қана емес, бауырлас мемлекет екенін жеткізді.

Өз кезегінде Қырғызстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа Қазақстанға мемлекеттік сапармен шақырғанына ризашылығын білдірді. Садыр Жапаров екі ел арасындағы қарым-қатынастардың терең екенін сипаттай отырып, қазақтың белгілі ақыны Жұбан Молдағалиевтің поэмасынан үзінді келтірді:

— Мен қазақтың, қырғыз ол — туысканым. Бірге тартқан тарланның құйысқанын. Анамыз да қаракөз бір қыз, бәлки, Бөліп берген егізге уыс нанын.

Кездесу барысында екіжақты стратегиялық серіктестіктің ауқымды мәселелері, атап айтқанда, саяси, сауда-экономикалық, инвестициялық, көлік-логистикалық, су-энергетикалық, коронавирус індетіне қарсы бірлескен шаралар, мәдени-гуманитарлық бағыттар, еуразиялық интеграция және көпжақты

койдық. Қазақстан мен Қырғызстан Еуразия экономикалық одағы аясында белсенді әрекет етуде. Орталық Азиядағы тұрақтылық пен қауіпсіздікті сақтау үшін ауқымды жұмыстарды бірге атқарып келеміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Келіссөз барысында коронавирусқа қарсы бірлескен жұмыстар талқыланды. Қазақстан қырғыз халқына кезекті гуманитарлық көмек ретінде медициналық құралдар мен дәрі-дәрмек жолдауға дайын екенін растады. Сонымен қатар Мемлекет басшысы Қырғызстанның қарулы күштеріне әскери-техникалық көмек көрсетілетінін мәлімдеді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Қырғызстанның ең ірі сауда серіктестерінің бірі және көш бастаушы инвесторларының қатарына кіретінін жеткізді.

— Біз соңғы 15 жылда бұл елге 1 миллиард доллардан астам қаржы құйдық. Қазақ инвесторлары қырғыз экономикасының маңызды салаларын өркендетуге, әлеуметтік ахуалын жақсартуға қомакты үлес қосып келеді. Жаңа жұмыс орындарын ашып, өндіріс секторы мен қаржы нарығын дамытуға ерекше көңіл бөлуде. Осы орайда біз өзара инвестицияларды қолдауға және қорғауға келістік, — деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы сауда кедергілерін азайту, екі елдің кеден және салық органдары арасындағы өзара іс-қимылды нығайту, олардың жұмысына цифрлық технология енгізу жөнінде келісім жасалғанын жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев екі елдің экспорттық әлеуетін нығайтып, шағын және орта бизнес арасындағы байланыстарды кеңейту үшін жақын арада Қазақстан делегациясы Қырғызстанға арнайы сапармен баратынын атап өтті.

Келіссөздердегі тағы бір өзекті мәселе — су-энергетика саласындағы ықпалдастық.

— Атап өтетін жәйт, бүгінде Шу және Талас өзендерінің аңғары бойынша

өткізу жөнінде уағдаласты. Бішкекте Абайға, Нұр-Сұлтан қаласында Манас пен Шыңғыс Айтматовқа арналған ескерткіштер бой көтереді.

Мемлекет басшылары екі елдің бауырластық және тату көршілік қарым-қатынасын дамыту мен нығайтудағы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың атқарған тарихи рөлін, сондай-ақ оның Орталық Азиядағы өңірлік кооперацияны дамытуға қосқан орасан зор үлесін айрықша атап өтті.

Қырғыз Республикасының Президенті Садыр Жапаров қонақжайлық көрсеткені үшін Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа және барша қазақ халқына ризашылығын білдірді.

Садыр Жапаров Елбасымен кездесіп, Назарбаев орталығындағы экспозицияларды аралап көрді. Кездесу барысында Нұрсұлтан Назарбаев Садыр Жапаровты Қырғызстан Президенті болып сайлануымен құттықтады.

Елбасы тәуелсіздік жылдары бауырлас екі ел арасында қол жеткізілген ынтымақтастық пен серіктестіктің жоғары деңгейін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстан мен Қырғызстан президенттері арасындағы келіссөздердің нәтижелі болғанына тоқталып, бизнес байланыстарды күшейтудің және экономикалық қатынастарды нығайтудың маңыздылығын айтты.

Өз кезегінде Садыр Жапаров Қазақстанның Тұңғыш Президентіне екі ел арасында байланыс орнату және нығайту жолындағы жасампаз еңбегі үшін алғысын білдірді.

— Сізді Орталық Азияның көшбасшысы ғана емес, сондай-ақ әлемдік деңгейдегі беделді саясаткер ретінде де құрметтеймін! Сіз біздің халықтарымыздың достығы мен ынтымақтастығын арттыруға зор үлес қостыңыз, — деді Қырғыз Республикасының Президенті.






Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның сауалы

Айжан ЫСҚАҚОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Бір баланың күтіміне 16 801 теңге, ал түрмедегі бір қылмыскердің күтіміне бюджеттен ай сайын 88 500 теңге жұмсалады. Жазасын өтеушінің қарны тоқ, көйлегі көк. Сонда мемлекет қылмыскердің күтіміне бес есе артық қаржы жұмсайды. Ел үшін кім қымбат? Өскелең ұрпақ па, әлде ұры-қары мен қылмыскер ме?»

Инфографика

ЕТ (1 кг/теңге; 2021 жыл, қаңтар)			
ЖЫЛҚЫ			2328 (+14,1)
СИЫР			2066 (+13,8)
ҚОЙ			2093 (+21,8)
ШОШҚА			1677 (+14,3)
ТАУЫҚ			941 (+3,4)

ИМПОРТ		ЭКСПОРТ	
(2020 жыл/тонна)			
Ірі қара	35,3 мың	Ірі қара	9,2 мың
Құс өті мен субөнімдер	182,5 мың	Құс өті мен субөнімдер	12,5 мың
Жылқы	2,1 мың	Қой және ешкі	1,2 мың
Шошқа	4,4 мың	Шошқа	776,3 мың

Дереккөзі: Ұлттық статистика бюросы

(Басы 1-бетте)

Сондай-ақ жастар, отбасы, әйелдер ісі, ардагерлер ұйымдары, діни бірлестіктер мен басқа да түрлі қоғамдық-саяси ұйымдар да бұл істен шет қалмайды деп ойлаймыз. Олардың отбасын сақтаудағы рөлі дәл осы жерде көрінуі тиіс.

Жалпы, ажырасудың зияны мемлекет үшін де, отбасы үшін де орасан. Дүние-мүлік бөлісу, алимент өндіру машақатынан бұрын, бала-шағаның

Демек бес жыл ішінде орта есеппен күніне тіркелген 389 некенің 150 отбасының дәм-тұзы жараспаған. Ал 2019 жылы 120 мыңға жуық адамның некесі бұзылса, соның жартысынан астамы 18-35 жас арасындағы жастар екен. Мұндай ажырасу жағдайлары үлкен қалаларда ғана емес, еліміздің аймақтарында, шалғай аудандар мен алыс ауылдарда да орын ала бастағаны қоғамды ойландыруы керек.

Осындайда ұлтымыздың салт-санасы мен әдет-ғұрпын заманға сәйкестендіріп, қалпына келтіру мен ұстанудың да реті бар.

САНА ЖАҢҒЫРСА, ОТБАСЫ БЕРІК БОЛАДЫ



Үйленіп, некесін қиятын кезде естияр, саликалы адамдардың (екі тараптан) куәлікке жүруі жауапкершілікті арттырса керек. Бұл ғұрпымызды жаңғырту тұрғысынан да өзін-өзі ақтайтын шара деп ойлаймыз.

Ажырасатын жастарға медиация көмегі де үйлестіруді жолға қойған жөн. Арнайы төленетін баждың көлемін едәуір көбейтудің реті бар. Бір емес, кемінде үш тағдырдың бұзылғаны үшін моральдық шығындармен бірге, экономикалық жауапкершіліктің көзделгені дұрыс.

Сот процесіндегі қарау мерзімін барынша ұзарту көп жастардың қайта шешім қабылдауына мүрсат береді. Өздерінің шешуші қадамын саналы түрде бағалауына мүмкіндік алады.

Жалпы дінімізде де үйлену, көбею тұрасында жақсы айтылатынын білеміз. Олай болса, Тәуелсіз еліміздің негізгі болып табылатын отбасын сақтап қалудың қаракетін жасаудың әрбір пендеге сауабы бар.

Дархан МЫНБАЙ,
Мәжіліс депутаты

Жетісу өңірінде елді мекендерді газдандыру бағдарламасын іске асыру аясында бүгінде 15 аудан мен қаладағы 156 елді мекеннің 1,2 миллион тұрғыны орталықтандырылған газ желісіне қосылып, жетісулықтар көгілдір отынның қызығын көре бастады.

Талдықорған қаласына газ желісін тарту жұмысы толық аяқталып, қаладағы 54,3 мың абоненттің 22,7 мыңы газға қосылды. Көп өтпей Ескелді ауданы Қарабұлақ кентінің орталық қазандығы көгілдір отынға ауыстырылады. Сонымен қатар жергілікті жылумен қамту кешенін жаңғырту жобасы бойынша

КӨГІЛДІР ОТЫННЫҢ ҚУАНЫШЫ



орталықтандырылған жылу жүйесіне бірқатар тұрғын үй мен әлеуметтік нысан қосылған. Бүгінде Балқаш, Қаратал, Көксу, Кербұлақ және Ескелді аудандарының елді мекендерінде газ желісін тарту жұмысы жүргізілуде, ағымдағы жылы Текелі қаласын газдандыру жұмысын бастау жоспарлануда.

Быттыр облыстың 13 елді мекенін, атап айтсақ, Көксу ауданының Амангелді ауылы, Көксу стансасы және Еңбекшіқазақ ауылы, Қаратал ауданының Жанаталап, Ескелді би, Қызылжар, Кальпе, Достық (Фрунзе), Оян ауылдары және Балқаш ауданының Миялы, Бакбақты, Бояулы, Бірлік ауылдарын газдандыруға 4,4 млрд теңге бөлінді. Мемлекеттік-жеке меншік әріптестік бағдарламасы аясында Текелі, Үштөбе қалаларына және Ұйғыр ауданының 3 елді мекеніне жалпы құны 9,8 млрд теңгеге газ тарту желілерін салу жоспарлануда. Ал Ескелді ауданын газдандыру «Талдықорған-Текелі» газ құбыры арқылы жүзеге асырылады. Газ құбыры 2019 жылы іске қосылды. Жалпы құны 1,2 млрд теңге, ұзындығы 31,3 шақырымды құрайды.

Өткен жылы «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылын газдандыру басталды. Оған облыстық бюджеттен 1,5 млрд теңге бөлінді. Жоба екі кезеңге бөлініп, өткен жылы бірінші кезеңін іске қосу аяқталып, бүгінде екінші кезеңге жоспарланған орталықтандырылған газбен жұмыс істейтін

жылу қазандығының құрылыс-монтаждау жұмыстары жүргізілуде. Бас мердігер мекеме – «МБК Құрылыс» ЖШС. Осы барыста 162 шақырым түрлі қысымды газ тарату желісін салу көзделген. Жоба аяқталғанда 1097 көпқабатты тұрғын үй мен 4060 жеке үйге көгілдір отынның қызығын көреді. Бүгінде бюджет есебінен Бактыбай, Алдабергенов, Қаратал, Екпінді, М.Баисов, Көкжазық, Теректі, Орқұсак ауылдарын газдандыру бойынша жобалық-сметалық құжаттарын әзірлеу аяқталып, құрылыс-монтаж жұмысы басталмақ.

Абоненттерді газға қосу қызметтерінің құнын арзандатып, тұрғындарға көмек көрсету мақсатында облыс әкімінің тапсырмасымен «Талдықорған қаласындағы және Алматы облысының елді мекендеріндегі тұрғын үйлерді газдандыру» қаржылық-экономикалық негіздемесі әзірленген.

Бұл міндетті «ЖетісуОблГаз» ЖШС атқарады. Ал Қарабұлақ ауылының абоненттерін газға қосу үшін «Жетісу-ОблГаз» ЖШС мен «ХоумГаз» ЖШС арасында келісім жасалып, бүгінде жұмыс қарқынды жүргізілуде. Бүгінгі күні бір абонентті толық газға қосу құны 250-300 мың теңгенің айналасында. Сонымен қатар құрылыс материалдары мен жабдықтарға кететін қаржыны тұрғындар 10 айға бөліп төлеуге болады.

Аймақта жылу қазандықтарын газға ауыстыру жұмыстары да қарқынды жүруде. Өткен жылы облыстың 4 жылу қазандығын газбен жылытуға ауыстыру үшін бюджеттен 3,4 млрд теңге бөлінді. Бүгінгі таңда

Талдықорған және Қапшағай қаласындағы 3 жылу қазандығы газбен жылытуға ауыстырылды. Жалпы, орталық қазандықтарды қатты отыннан табиғи газға ауыстыру қоршаған ортаға зиянды заттардың шығарылуын 52%-ға дейін азайтады.

Быттыр «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында Ескелді ауданының Қарабұлақ ауылындағы орталық жылу қазандық аумағында газды отынмен жұмыс істейтін блокты-модульді қазандық салу жобасын іске асыруға облыстық бюджеттен 584,467 миллион теңге бөлінді. Бүгінде қазандықты монтаждау жұмысын «Сұңқар-2002» ЖШС жүргізуде. Аталған нысан жылыту маусымы аяқталғанша іске қосылып, сынақтан өткізілмекші.

Жылумен жабдықтау қызметтерінің деңгейін арттыру, халықтың өмір сүру сапасын және қаланың экологиялық жағдайын жақсартуды мақсат еткен жоба тұрғындарды жылумен қамтамасыз етуге де ерекше рөл атқармақ. Қарабұлақ орталық жылу қазандығы газға ауыстырылса, оның қуаты 20,6 Гкал-ге жетіп (бүгінде 12 Гкал), 32 көппәтерлі тұрғын үй, 25 мемлекеттік мекеме, 45 жеке кәсіпкерлік нысан, 1165 жеке тұлғаны жылумен қамтамасыз ететін болады.

Иә, бұл жобалар жүзеге асқанда, жетісулықтар көгілдір отынның қызығын көріп, ыс-түтіннен құтылады.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

QOĞAM

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



(Басы 1-бетте)

Jas qazaq: Меруерт ханым, сіз көп адамға күрескерліктің символындай көрінесіз. Қиындықтан мойымайтын, өзін-өзі қайрап, жігерін жанып, өмірдің дауылына қарсы күресіп келе жатқан қайраткерлігіңізді жақсы білеміз.

Мұндай күш-қуатты қайдан аласыз?

М.Сүлейменова: Жарақат алғаным, міне, 22 жылдан асып бара жатыр. Бұл менің 23 жасымда алған омыртқа жаракатым. Сол кезде жастық бар, сезім бар, осылардың әсерінен ауырлықты сезінбедім. Білінбеді. Белімнен төмен қарай жансыз қалу деген аса сезілмеді. Өзіммен тағдырлас жандарға асты-

Jas qazaq: Күміс қасықтай ақылды, сүйкімді қызыңыз бар екен. Бір жағы қолғанатыңыз, сырласыңыз деуге болады. Ана бақытын түсіне бермейтін «көкек аналар» мен безбүйрек әйелдер көп қазір. Қоғамның осындай шиқан-жарасы жандүниенің төңкеріс жасамай ма?

М.Сүлейменова: Әрине, міндетті түрде төңкеріс жасайды. Ана болу дегеннің өзі бақыт. Мен қызым жайлы айта бергім келеді. Біз тәулігіне 24 сағат болса, осы уақыт аралығында бір сағатқа да ажырамауға тырысамыз. Түркияға барған кезімде 4 күнге ажыраған екенбіз. Ол сол сәтті үнемі айтып отырады. Ал безбүйрек аналарға келсем, олар кішкентай кезінде жан жаракатын алуы мүмкін. Ең қорқынышты нәрсе — осы. Бәлкім, ол әйелдер рухани ауру шығар. Мысалы, бала кезінен өзіне қол салам деген

Меруерт СҮЛЕЙМЕНОВА:

ӘЙЕЛ ӘР КЕЗДЕ ДЕ ӘДЕМІ БОЛУЫ КЕРЕК!



үстіне түсетін қамқорлықтың керегі жоқ деп санаймын. Осыны үнемі айтамын. Өйткені аурумен бетпе-бет күресу керек. Мен 1999 жылы осы жаракатты алған кезде менімен тағдырлас қыз-жігіттермен таныстым. 22 жылдан бері солармен араласып, хабарласып тұрамыз. Әу бастан оларды туыстары, ата-әжесі, өзге де ет жақындары айрықша қамқорлығына алды. Алақанға салып аялады. Бүгінде 22 жыл өтсе де, ол таныстарым әлгі жақындарының қамқорлығынан арғыла алмады. Менің ойымша, алғашқы аптада қамқорлық танытқан дұрыс. Кейіннен адам тағдырына мойынсұнып, қиыншылықпен күресуге бейімделуі керек. Аурумен бетпе-бет қалған кезде ғана сен оны женесің. Адамның денесі жалқау келеді. Еріншек болған сайын, соғұрлым демалғысы кеп тұрады. Маған күш беретін, жігеріме жігер қосатын бір жан бар. Ол — қызым. Қызым 2010 жылы дүниеге келді. Сол күннен бастап екінші рет өмірге келгендей болдым. Ана болу деген үлкен жауапкершілік. Мен күш-қуатты қызымнан аламын. Қызымнан қуат алып, қызыммен бірге өсіп, өмірдің қызылды-жасылды түстерін көріп, сезініп жатырмын. Қызымның есімі — Сардана, жасы 11-де. К.Байсейітова атындағы дарынды балаларға арналған мектептің 5-сыныбында оқиды. Бірнеше үрмелі аспапта ойнайды. Мамасының музасы. Арманым — қызыммен бірге әлемді аралау. Еуропа төрінде өнер көрсетсе деп елестетемін. Үнемі жақсы нәрселерді ғана ойлаймын. Күш-қуатты жақсы өннен аламын.

Jas qazaq: Сіздің тас қайрақтай жігеріңізге қарап бір нәрсе ойға түседі. Қазір «жұмыс жоқ, ақша жоқ, анау жоқ, мынау жоқ» дейтін аяқ-қолы балғадай жігіттер мен қыздар көбейіп кетті. Адал ақша табудың орнына ұрлық-қарлықпен мал жинайтын алаяқ әйелдер де аз емес. Мұның сыры неде: тәрбие ме, әлде адамның жаратылысындағы әлдебір жұмбақ па?

М.Сүлейменова: Кез келген адамның бойында тектілік бар. Біздің өзге ұлттарға ұқсамайтынымыздың өзі де сол тектіліктен. Жұмысым халықпен тікелей байланысты болғандықтан айтайын. Қазір жатыпшыр жалқау шынымен көп. Түрлі сылтау айтып, жеңіл жолмен ақша тапқысы келеді. Бүгінгі заманның адамы рухани шаршаған. Кез келген адамды алсақ та, ылғи да уақыты жоқ. Біреумен сөйлесе қалсаң, мейірімге зәру екенін көзінен, сөйлеген сөзінен көруге болады. Айналып келгенде, жылулықтың жетіспеуі байқалады. Мен баласын тастап кеткен безбүйрек аналармен тілдескім келеді. Әзірге ондай адаммен әңгімелеспеппін. Жұмыссыз әйелдерді түсінуге тырысамын. Бүгінде қандай жағдай болмасын, жауапкершіліктің аздығы байқалады. Тегінде тәрбие дұрыс болса, ол ондай арам жолға бармас еді. Тәрбиеден де бар. Кейде адам бала кезінде қандай да бір соққы алуы мүмкін. Бала кезінде бір реніш болуы мүмкін. Ондай адамдармен бетпе-бет сөйлескен жөн. Мен адамның көзіне тіке қарап, сөйлескенді ұнатамын. Көңілімде не бар, соны айтамын. Кемшілігін көрсем, оны түзет деймін. Ақылымды аямаймын. Меніңше, сол ақылды тындамау да адамның қателігі. Ақылды да нәтиже шығаратын адамға айтасын. Мен 23 жасымда өзгеше тағдырдың иесі атандым. Сол жасымда дейінгі қателіктерді қайталамауға тырысамын. Қазіргі өмірімде ондай қателіктерге мүлде жол жоқ.

адам түбінде қол салады. Өйткені ол ойы мына жазылып қалады. Бәлкім, өзге де түрлі себептері бар шығар. Өз басым кез келген әйелге әйел деп қараймын. Ал түрлі әлеуметтік дәрежедегі әйелдерді әлеуметтік әйел деп қараймын. Төрт құбыласы тең адам ондай қадамға бармайды. Мен өзім шығармашылық адам болғаннан кейін бе, үнемі көңіл қиымді көтеріңкі ұстауға тырысам. Әйел қай уақытта да, әлемі болуы керек. Қоғамдық қабылдау болғаннан кейін, әйел адамдардың жан дүниесіне үніліп, әңгімелесуге тырысам. Бізге жас та кәрі де келеді. Әсіресе, жүйкесіне салмақ түскен әйелдер көп. Олар есіктен кірген сәттен бастап қандай жағдаймен келді, соны сезіп отырамын.

Jas qazaq: Бүгінгі қоғам мүмкіндігі шектеулі адамдардың мұқтаждығын материалдық көмекпен ғана шектейді. Көп жағдайда рухани жан дүниесіне үніліп жатқан ешкім жоқ. Осымен келесіз бе?

М.Сүлейменова: Адамды «мүгедек» деп қараудың қажеті жоқ. Сіздермен менің айырмашылығым қоларбада ғана. «Жаракат алған күннен бастап мен масыл болып қалдым-ау» деген ойларды миыма кіргізген де жоқпын. Сондықтан өзімді мүгедек адаммын деп мүлде есептемеймін. Біз біреулердің аяушылығын күтуден арылуымыз керек. Керісінше, ол сіздің ауыр тағдырыңыздың үстіне ауырталық жамай түседі. Мүгедектік деген баспалдақтан басталады. Бізге жағдай жасалуы керек деп үнемі айтамын. Біздің мемлекет белсенді мүгедектерге құны миллион теңгеден жоғары электр қоларба сыйлады. Бірақ сол арбаны бермес бұрын, ең алдымен, пандус мәселесі шешілуі керек еді. Өйткені кейбір тағдырларстарым пандустың жоқтығынан сыртқа шықпайды. Адам баласы өзіне керек нәрсені өзі жасап алады. Көп таныстарым «жұмыс бар ма, жұмыс істегіміз келеді» деп сұрап жатады. Еңбек ету арқылы адам мұқтаждықтан арылады. Мен жұмыссыз қалудан қорқамын. Өйткені жәрдемақыға күн көру мүмкін емес. Мүгедектіктен бөлек, жетімдіктен қорқамын. Жетім көрсем, басынан сипағым келіп тұрады. Ата-анасы бар балаға мейірімнен артық бақыт жоқ.

Jas qazaq: 8 наурыз Халықаралық әйелдер мерекесіне орай, қыз-келіншектерге қандай тілек айтасыз?

М.Сүлейменова: Әйел үнемі әдемі болып жүруі керек. Өзінді құрметтеуін керек. Қандай жағдайда да әйел әдемі болып қалуы керек. Мен шабытты көбінесе көңілден аламын. Қоғамдағы жұмыссыздық, отбасындағы зорлық-зомбылық, отбасым дұрыс емес деп түрлі себептер айтып, өз-өзіне көңілі толмай жүретіндерге айтарым, осы қиындықтың бәрін ұмытып, әдемі болуға ұмтылу керек. Қыз-келіншектер сүйікті болсын. Сүйікті болу деген балаң үшін сүйікті ана болу. Өмір болғаннан кейін түйткілді жағдай көп. Бірақ соның барлығын реттейтін, жоктан бар жасайтын, кішкентай нәрсеге қуана білудің өзі әйелдің қолында. Мендегі құштарлық әдемілікті сүйгенімде. Мен отаға бара жатсам да, әдемі болып баруға тырысамын. Дәрігерлердің өзі «сіз отаға күліп кіріп, күліп ояңдыңыз ғой» деп таң қалып жатады. «Өзінді-өзін жаттай сыйла, жат жаныңнан түңілісін» дейді. Сондықтан әрбір әйел ең алдымен өзін-өзі құрметтей білуі керек.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА



Шағын кәсіпкерлік

Алматы облыстық «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы өткен жылы экономиканың ең көп зардап шеккен салаларын анықтау үшін облыс кәсіпкерлерінің 48,1 пайызын құрайтын 7348 бизнес субъектісінің қызметіне талдау жүргізіпті. Кейбіреуі кірісін жоғалтып, біразы жабылған көрінеді. Дегенмен былтырғы қиындықтан қиналмай



КӨПТІҢ КӨҢІЛІНЕН ШЫҚҚАН ЦЕХ

шығып, ел экономикасын еселеуге үлесі мол болған кәсіпкерлер де жетерлік. Сол қатарда Алакөл ауданына қарасты Жылаңды ауылында қызметін дөңгелетіп отырған AUL ONERI тігін цехын ерекше атауға болады.

Аталған цех өнімізді былай қойып, өз өнімдерін республика



көлемінде танытуда. Күнделікті тұрмысқа қажетті киім-кешектен бөлек, казак өнерін насихаттауда да үлкен іс аткарып жатқан цех басшылығы Нұр-Сұлтан қаласында дүкен ашып, елордалықтарға өнімдерін ұсынууда.

Округтің 20 тұрғынын тұрақты жұмыспен қамтып отырған мекеме 2020 жылдың алғашқы айларында қызметін бастапты. Алдымен ауыл арасы, аудан аумағынан кішігірім тапсырыстар қабылдап, әр сала жұмысшыларына арнайы қызметтік киімдер тігумен айналысты. Әлем халқын дүрліктірген пандемия басталғаннан кейін жұмыс қолын бірден көп реттік бетперде тігуге жұмылдырды. Сол аралықта 20 мың данадан астам бетперде өнір жұртының қолына тиген болатын. Ал карантин шаралары қолға алына бастаған кезеңде бетперде тапшылығы белен алғанын ескерсек, бұл тажвирусынан сақтануға қосқан елеулі үлес деп білеміз. Тек қана қаржы табудың қамын ойламаған цех басшылығы жақын ауыл тұрғындарына өз өнімдерін тегін үлестіріп, жақсылық жасағаны өз алдына.

Цех жұмысшылары бұған дейін осы іске машықтанып, үй жағдайында аз-кем уақытын тігіншілікке арнағандар. Тірлігі тиянақты ісмерлердің ұқыптылығы отыратын орынның тазалығы мен жинақылығынан-ақ көрініп тұр. Дайын өнімдер арасында бетпердеден бөлек, заманауи үлгідегі төсек жабыдықтары, қыз жасауына қажетті бұйымдар бар.

AUL ONERI бренді өз өнімдерінің сапасы мен эксклюзивтігіне баса

назар адарады. Тек табиғи материалдармен ғана жұмыс істейді. Мақта мен жібектен жасалған велюр, атлас, қой және түйе жүні қолданылады. Бір айтарлығы, цехтың өзіне тиесілі түйе және қой шаруашылығы бар. Жүнді шеттен жеткізбей өздері өндіріп отыр.

«Бізде соңғы үлгідегі тігін машиналары, лазерлі құрылғылар және Жапония мемлекетінен арнайы сатып алынған түрлі іс құралдары бар. Карантиндік талаптарды ескере отырып, барлық ережелерді сақтап, жұмысымызды жүргізіп келеміз. Жыланды және Төңкеріс ауылдарының қолынан іс келетін тұрғындарын жұмыспен қамтып, 20 отбасының нәпақа табуына септігіміз тиіп отыр. Қызметкерлердің орташа жалақысы 80 мың теңгені құрайды. Артық міндет, қосымша жұмыс ешкімге жүктелмейді, белгіленген уақыт бойынша табысты еңбек етеміз. Қазіргі таңда ұлттық өнерді ұлықтау мақсатында сапасы



жоғары көрпе-жастық, құрақ тігіп, қазақы болмысымызды насихаттауды қолға алдық. Кез келген істе тұрақтылық пен жұмысқа деген сүйіспеншілік аса маңызды. Ал сүйікті ісі арқылы табыс таба алса, ол — жұмыстың төресі», — дейді цех басшысы Назия-Жаңыл Құспанова.

Бір айта кетерлігі, цех басшылығының іскерлігі арқасында Нұр-Сұлтандағы «Керуен» сауда үйінде AUL ONERI HOME атты дүкен ашылды. Онда цехта тігілген көрпе-жастық, сырмақ, алжапқыш, сөмке және түрлі жамылғылар сатылады. Бәрі ұлттық үлгіде безендіріліп, өрнектелген. Бұдан бөлек, ауыл шеберлерінің шаған, емен, қарағаш, қайын секілді ағаштардан жасалған көленерлері, ыдыстары қойылған. Үйге арналған интерьер заттары, тіпті ауылдың қымыз-қымыраны да осы жерден табылады. Сонымен қатар «Лепсі өнімі» бал цехымен бірлесе отырып, табиғи қоспалардан әзірленген балауыз шам, сан алуан хош иісті сабын, ерін және кол бальамдары, сусабынға шейін бар.



Жалпы өткен жылғы қиын-қыстау жағдайда жұмыс бағытын дұрыс әрі жүйелі жүргізе білген Алакөл ауданының кәсіпкерлері көп жетістікпен жылды қорытындылады. Сол қатарда аталған цех 2020 жылдың қорытындысы бойынша Алакөл ауданы әкімінің «Жыл үздігі» сыйлығының «Үздік кәсіпорын» аталымының жеңімпазы болды. Олардын алдағы жоспары да ауқымды. Бірақ цех мамандары: «Өңір дамуы үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз», — деп құлшынып отыр.

Қажет АНДАС,
Алакөл ауданы
Алматы облысы

Инновация

Ақпан айында Jас qazaq газеті «Қайдасың, қазақ өнертапқышы?» деген мәселе көтерді. Сол мақала маған терең ой салды. Расында, «айшылық алыс жерден көзінді ашып-жұмғанша, жылдам хабар алғызатын» заманға тұспа-тұс келгенде, біздің ауыз толтырып айтарлықтай жетістігіміз бар ма езі? Осы ойдың жетегінде жүргенде Шымкентте ұшқышсыз ұшақ шығаратын кәсіпорын бар екенін естіп-білдім. Соны өз көзіммен көру үшін «Тассай» индустриалды аймағында орын тепкен, Қазақстанда баламасы жоқ өндіріс ошағына барып, жұмыс процесімен танысып қайттым.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2020 жылғы «Жана жағдайдағы Қазақстан: Іс-қимыл кезеңі» атты халыққа Жолдауында: «Қазақстанның алдында тұрған аса маңызды міндет — өнеркәсіптік әлеуетімізді толық пайдалану. Өңделген тауарлардың үштен екісіне жуығы шетелден әкелінеді. Ұлттық экономиканың стратегиялық қуатын арттыру үшін тез арада қайта өңдеу ісінің жана салаларын дамыту қажет. Бұл кара және түсті металлургия, мұнай химиясы, көлік құрастыру және машина жасау, құрылыс материалдары мен азық-түлік өндіру және баска да салаларды қамтиды», — деген еді. Осы орайда, еліміздің үшінші мегаполисі өнеркәсіптік әлеуетін толық пайдаланып жатыр деп айтуға болады.

Ұшақсыз ұшу аппараты (ҰҰА) квадрокоптер не дрон деп ойлайтындар баршылық. Әсілі, орысшалап айтқанда, «беспилотникті» дронмен шатастыруға болмайды. Екеуі екі түрлі нәрсе. «РобоАвиа» ЖШС Бас директоры Николай Пажитневтің айтуынша, қазір туризм мен қала имиджі, цифрландыру, сәулет пен құрылыс, кадастр, жер қатынастары, шаһар шаруашылығы, тағы баска салалардың көпшілігінде осы ҰҰА қолданылып келеді. Біріншіден, бұл қауіпсіз әрі ыңғайлы. Нәтижелі әрі анағұрлым арзан. Бұрын аэро-фототүсірілім жасау үшін компаниялар арнайы тікұшақ немесе ұшақ жалдайтын. Оның нәтижесін бір-екі аптадай күтуге тура келетін. Ал мұндағылар бірінші күні түсірілім жасайды, екінші күні нәтижесін қолға ұстатады. Бір сөзбен айтқанда, уақыт пен жұмыс күшін үнемдейді.

ҰҰА деген ұғымымызға таңсық болған соң өндіріс ошағының жұмыс процесін білмекке асықтық. Н.Пажитнев бізді зауытқа бастап жүрді. 2015 жылы ашылған кәсіпорында электроника, слесарь цехы, конструктор бюросы, оқу сыныбы, жону бөлмесі, композиттік технологиялар цехы, сырлау цехы деген 7 цех бар екен.

«Электроника цехы — ең маңызды цех. Мұнда гидроөлшемдер алынып, ҰҰА нобайы жасалады», — деп түсіндірді Николай Владимирович.

Оның сөзін компанияның жобалық үйлестірушісі Антон Ладухин жалғастырды: «Ал композитті технологиялар цехында ҰҰА-ның қанқасы, матрицасы, қанаты жасалады. Қанаты — композиттік материалдан. Бұл — өте күрделі процесс. Конструктор бюросында барлық бөлшектері құрастырылады. Жону бөлмесінде қарқаса қолданылатын ағашы кесіледі. Сырлау цехында бояп, келесі бөлмеде кептіріледі. Кез келген адам ҰҰА-ны басқара алады. Оны басқару оңай. Керемет білгірлікті қажет етпейді. Аэродинамика әліппесін және компьютерде жұмыс істеуді білсе болды. Әр ҰҰА сататын кезде мамандарымызды екі апта арнайы оқудан өткіземіз. Сосын тестілеуден өткізіп, тапсырысқа қарай құрылғыны басқаруға жібереміз. Қазір ұшақтардан гөрі біздің қызметімізге көп жүгінеді. Бізге әр түрлі компаниялардан сұраныс түседі. Елімізде мұндай өндірістер бар. Бірақ бәрі шағын. Біз секілді ауқымды спектр жоқ. Бізде бәрі нөлден басталып, арнайы технология бойынша температуралық режиммен вакуумдық құрылғыда құрастырылады». Ұшқыш-оператор Әлішер Шаязов бұл зауытта екі жылдан бері істейді екен. Ол: «Ұшқыш-операторлар мектебі» жұмыс істейді. Пилот-оператор күзегіін бере отырып, тапсырыс берушінің өкілдерін оқыту курсы — 2 аптадан 3 аптаға дейін (*кешенін комплектациясы мен міндеттеріне байланысты, сондай-ақ практикалық сабақтар кезінде ауа райына байланысты*). Ұшқыш-операторлар ноутбуктағы арнайы бағдарламалардың

көмегімен суретке түсіріп, карта құрастырып, видеомониторинг жасайды», — деп кешенді басқарудағы ұшқыштын рөлін түсіндіріп берді. Ұшқышсыз ұшу аппараты делінгенімен, ұшқыш-оператор аппараты ноутбуктың көмегімен басқарады.

Бір қызығы, ҰҰА-да кара жәшік болады екен. Егер апат орын алса, мамандар адами фактордан ба, әлде техникалық себептен бе, сол жәшікке қарап біледі.



ҰШҚЫШСЫЗ ҰШАТЫН АППАРАТ



Зауыт басшылығының сөзінен ұққанымыз, өндірілетін өнімге толық сервистік қызмет, кепілдік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету, техникалық қолдау көрсетіледі. ҰҰА-на жылына 60-70 рет ұшуға кепілдік беріледі. Ал негізгі бір жылда 120 кешен шығаруға қауқарлы.

Кәсіпорынның негізгі қызмет түрі — «Sapsan-3000» ұшқышсыз ұшу аппараттарының сериялық өндірісі. «RoboAvia» қызметі Қазақстанда және әлемде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық процестермен тығыз байланысты. Ел экономикасы дамуының тежелуі, әлемдік нарықтағы қиындықтар, геосаяси жағдайдың күрделенуі іскерлік белсенділік пен бизнесті дамытудың инвестициялық жоспарларына айтарлықтай әсер етеді. Бұл тиісінше, ұшқышсыз техникаға деген сұранысқа да әсерін тигізбей қоймайды. Осы тенденцияларды ескере отырып, «RoboAvia» өзінің стратегиясын өзгерткен

және жана сынақтарға жауап беруге дайын. Өндіріс ошағында модельдік қатарлы түбегейлі жанарту басталып та кеткен: Samruk 3m және Samruk 5m модельдерін әзірлеп шығарған. Бұл — ішкі жану қозғалтқышы бар әуесайлақ негізіндегі ҰҰА.

— Сонымен «бұл инновациялық техниканы қай жерде қолдануға болады? — деп сұралдық жоба үйлестірушісінен. — 2018 жылы коммерциялық ұйымдардың тапсырысы бойынша

Атырау облысындағы мұнай құбырына мониторинг жүргізілді. Сондай-ақ осы салада біз жергілікті жердің 3D-моделін жасай отырып, мұнай және баска да қазбаларды өндірудін қоршаған ортаға әсеріне мониторинг жүргіздік.

«Оңтүстік» еркін экономикалық аймағы нысандарына, салынып жатқан «Шымкент Ситиге» аэро-фототүсірілім жүргізіп, одан әрі өңделік (*ортофотожоспар, 3Д, 2Д, жергілікті жердің цифрлық моделі, рельефтің цифрлық моделі*).

Коронавирустық инфекцияның таралу қаупіне байланысты төтенше жағдай режимі енгізілгенде біз Шымкент қаласының әкімдігіне шаһардағы блок бекеттердің жұмыс істеуіне мониторинг жүргізуге көмектестік.

2020 жылдың төртінші тоқсанында «Охотзоопром» РМҚК-мен бірлесіп табиғатты қорғау іс-шараларына қатыстық. Атап айтқанда Қызыл кітапқа енген жануарларға санақ жүргіздік, — делі А.Ладухин.

«РобоАвиа» ЖШС қолданатын түсірілім кешендері су орналасқан барлық учаскелерге сапалы ауа мониторингін қамтамасыз етеді. Қысқа уақыт аралығында түсірілім кешендерінің көмегімен қарапайым авиация үшін қолжетімсіз аумақтардан суреттер алуға болады. Су басу аймағын дәл анықтауға, залалды анықтауға, салдарын жою бойынша шараларды сапалы жоспарлауға, зардап шеккендерді уақытында анықтауға және алғашқы көмек көрсетуге көмектеседі. Су тасқынының себептері мұз кептелісі болып табылады. ҰҰА-дан алынған егжей-тегжейлі суреттер оларды жою үшін жарылғыш зарядтарды орнатуға болатын учаскелерді анықтайды. Экологиялық төтенше жағдайларды жою мәселелерін шешеді. Олар берген суреттердің көмегімен зақымдалған, ластанған аумақтарды тез анықтауға, шұғыл режимде жердегі операцияларды тағайындауға болады. ҰҰА түсіру арқылы алынған материалдарды экологиялық максаттарда — су қорғау аумақтарын, экожүйедегі су балансын қорғауға және қалпына келтіруге бағытталған бағдарламаны жобалау үшін пайдалануға болады.

Оған қоса, кокыс үйінділерін іздеу, ластану деңгейін айқындау, қар жамылғысының жай-күйі мен деңгейі, жағдайларды желел талдау, ортофотопландарды, биіктік матрицаларын және жергілікті жердің егжей-тегжейлі үш өлшемді модельдерін жасау, тұрақты мониторинг,

проблемалық аумақтарды түсіру, картографиялау және жобалау, шұғыл мониторинг сияқты жұмыстар бар.

Антропогендік әсер, топырақ эрозиясы, судың ластануы, аумақтың батпақтануы — бұл көрсеткіштерсіз ауыл шаруашылығы алқаптарын өсіру, жерді инфрақұрылымдық игеру бойынша нақты бағдарлама жасау мүмкін емес. Сондайда ҰҰА көмегімен тығырықтан қиналмай шығуға болады.

Қорыта айтқанда, ұшқышсыз ұшу аппараттарын қолдану аясы өте кең және экономиканың барлық салаларын қамтиды. Мұндай инновациялық технологияларды қолдану шағын, орта және ірі бизнес кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін, Қазақстанның облыстары мен қалаларының туристік және іскерлік тартымдылығын арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

ҚАНДЫҚОЛ ҚАРАҚШЫ

Кенже Абдуллаева Шымкенттегі «Қырғы» базардың алтын бұйым сататын павильонында жұмыс істейтін. Өмірінде тірі жанға зияны тимеген, өз арбасын өзі сүйреген нағыз еңбек адамы еді. Мамыражай мамырдың бір күнінде, жұмыс аяқталғанда ақшасы мен алтынын сөмкесіне салып, кәсіпкер әйел үйіне қарай беттейді. Сыртынан бір адамның андып жүргені үш ұйықтаса түсіне енбеген. Кенженің отбасы оқиға болған 2019 жылғы 11 мамырды орны толмас қаралы күн боп қаларын біліп пе?! Жазықсыз әйелді аяусыз өлтірген қылмыскер кім?

К.Абдуллаеваның қолында қомақты ақша, сөмкесінде алтын бұйымдар жүретінін байқаған Н.Бердібековтің ойы бұзық еді. Ол өз құрбанын жарты жыл бойы аңдыған. Оның жұмыстан қашан қайтатынын және қай күні қайда баратынын жақсы біледі. Тек қомақты



ОҢАЙ ОЛЖА ОҢДЫРМАЙДЫ

қаржы мен құнды заттарды қолға түсірудің ұрымтал тұсын күтіп жүрген.

Кәсіпкер әйелдің әдеттегідей үйіне қайтып бара жатқанын білген Н.Бердібеков таксимен одан бұрын жетіп, бесінші қабаттағы дәліздің терезесінен оның үйге кіргенін тосып тұрады. Лифтімен түсіп, алдынан шыққан. Жәбірленуші лифтіге еніп, есігі жабылғалы тұрғанда «Токтай тұрыңызшы, төбедіе затым қалып кетіп еді!» деген белгісіз ер адамның сөзіне бола жеделсатыны тоқтатады. Онай олжаға қарық болуды көздеген қарақшы сол лифтінің ішінде арам ойын іске асырады. К.Абдуллаеваның желке тұсынан ұрып, қолындағы сөмкесін тартып алуға әрекет жасайды. Зәре-құты қалмай шынғырып, қарсылық танытып, шу шығарған сәтте оған сегіз жерден пышақ сұғып үлгереді. «Тек тірі қалдыр, мынаның ішіндегі ақшаны ал!» деген әйел қансырап, лифтіден сүйретіліп, көршісінің есігінің алдына кеп жығылады. Сол арада сөмкені қолтығына қысып төменге баспалақпен зуылдаған Бердібеков таксиге мініп ізін суытқан еді. Көршісі не істерін білмей, абдырап 102-ге қоңырау шалады. Сол арада жаралы әйел оқиға орнында жантәсілім етіпті.

Шымкент қаласы полиция департаменті тергеу басқармасының тергеушісі, полиция капитаны Нұрсұлтан Өмірзақовтың айтуынша, 2019 жылдың 11 мамырында Шымкент қаласы ПД Әл Фараби аудандық полиция басқармасына 102 сымтетігі арқылы Тәуке хан даңғылындағы 33 үйдің №7 пәтерінің алдында әйел азаматшаның мәйіті табылғаны туралы хабарлама келіп түседі.

Аталған оқиға бойынша Қылмыстық кодекстің 99-бабы 2-бөлігінің 8-тармағымен қылмыстық іс қозғалады. Істі тергеп-тексеру барысында белгісіз біреудің Кенже Абдуллаеваға шабуыл жасап, қол сөмкесін және ішіндегі жалпы сомасы 2 125 766 теңгені құрайтын алтын бұйымдары мен ақшасын, екі ұялы телефонын алып кеткендігі анықталған.

Қол сөмкені қолтығына қыстырған күдікті ізін жасыру үшін үйіне жеткенше бірнеше көлікке отырған. Тергеу деректерінен көлік иелерінің бәрі бір адамды сипаттап бергені белгілі болды. Такси жүргізушілері Бердібековтің бетпердесін сыпырды. Ол киімін ауыстырып, пакетке салып, ақшаны үйдегі бір етіктің қонышына тығып, босаған сөмке мен пакеттегі киімдерін қаланың басқа бір жеріндегі коқыс жәшігіне тастап кетеді. Оқиға орнынан із суытқан күдікті бәрібір алысқа ұзай алмады.

Жеке дерек-қорын тексеру барысында бұрын-соңды қасақана кісі өлтіру бойынша сотты болғаны, 15 жыл жазасын темір тордың ар жағында өтеп келгені анықталды. Аса қауіпті қылмыскерді жергілікті ПД мамандары бір тәуліктің ішінде анықтап қолға түсірді. Дегенмен әккі қылмыскер өз әрекетін бірден мойнына ала қоймады.

Шымкент қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының судьясы Самидин Темірәлиев Қылмыстық кодекстің 58-бабы 4-бөлімінің талаптары негізінде жазаны ішінара қосу арқылы қылмыскерге түбегейлі 19 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалғанын айтты. Жазаны қылмыстық атқару жүйесінің қылмыстық қауіпсіздігі барынша жоғары мекемеде өтеу белгіленген. Үкім заңды күшіне енген. Қандықол тас түрмеге тоғытылды.

Өзін қанша жерден айлалы санаса да, Бердібеков құрған жоспардың құл-талқаны шықты. Сот залында әдейі өлтіргісі

келмегенін, марқұмның туыстарынан кешірім сұрайтынын, іс-әрекетіне өкінетінін айтты. Қанша ақталып, айыбын жуып-шайғысы келсе де, ол енді 19 жылын тар қапаста өткізіп, зейнет жасынан асканда ғана бостандыққа шығады.

Тергеп-тексеру барысында қылмыскердің соңында төрт баласының қалғаны белгілі болды. Ол өзінің қаныпезерлігін «жөкшылықтың кесірі» деп ақталды.

БЕЗБҮЙРЕК АНА

2020 жылдың 1 қаңтарында Шымкент қаласы полиция департаментінің тергеу басқармасына Есірткі бизнесіне қарсы іс-қимыл басқармасынан өз баласын саудаға салған ана туралы іс-құжат келіп түседі. Түсінікті болу үшін айтайық, жедел уәкілдердің арасында халықтың ортасында жүріп, ақпарат іздестіретін «құпия агенттері» болады. Сол агенттер жүргізген іс-құжат бойынша жедел-тергеу әрекеттерінің нәтижесінде Шымкент қаласы Қаратау ауданы Нұрсат м/а, №20 үйдің №4 пәтер тұрғыны Назгүл Есенованың адам саудасымен айналысып жатқандығы анықталған.

ПД жедел уәкілдерінің жасырын тергеу әрекеттерінің нәтижесінде адам сенгісіз жағдай болған. Полиция қызметкерлері әуелі

Н.Есеновамен телефон арқылы байланысқа шығып, баласы жоқ ерлі-зайыптының рөлін ойнауына тура келеді. Ары қарайғы диалог былай өрілеген:

— Саламатсыз ба, Назгүл! Сарығашта тұрамыз. 10 жылдан бері бала сүйе алмай жүрміз. Сіз балаңызды бізге бересіз бе? Жолығайық та! — дейді полиция.

— Саламатсыз! Менің телефон нөмірімді қайдан алдыңыз? — деп әлгі келіншек шак ете түседі.

— Достарымыздан алдық.
— Пәленше ме, түгенше ме? — деп Н.Есенова көршілерінің атын атап, түсін түстеп, күдіктене бастайды. Бірақ полицейлер сөзден ұстатпайды.



Ақырында ол кездесуге келісіп, сол күні кешке қарай Бәйдібек би даңғылының бойындағы Наурыз алаңына келеді. Сол жерде ерлі-зайыптының рөлін ойнап тұрған екі қызметкерден өзі туралы мәліметті қайдан алғанын тағы да тәптіштеп сұрайды. «Таныс адамнан естідік, бірақ кім екенін айта алмаймыз. Ары қарай үйге барып сөйлесейік те!», — дейді рөлге кіріп алған полиция өкілдері. Үшеуі Назгүлдің үйіне барғанда, 28 жасар келіншектің бес баласын көреді. Ең кенже баласы *(2018 жылы туған)* Санат ол кезде әлі бір жасқа толмаған сәби еді. Анасы еш шімірікпестен «Сатқалы отырған балам осы» деп көрсетеді. Күдіктінің әлеуметтік жағдайының төмен екені пәтердегі шәй ішетін үстелдің жоқтығынан, тіпті бірде-бір жиһаздың жоқтығынан, сүренсіз қабырғалардан-ақ көрініп тұрады.

Қызметкерлер телефонмен сөйлескен кезде:

- Білесіз бе, мұның заңсыз екенін, ертеңгі күні дауға айналып кеткенін қаламаймыз, — деп ескертті. — Баланы берсеңіз, біз тексертіп алайық, емдетейік! — дейді.
- Тексерткенмін, баланың еш жері ауырмайды, дені сау, — дейді бала сатушы әйел.
- Бағасын қанша деп жатсыз?
- Не деп айтам, мал емес қой, өздеріңіз білесіздер.
- Білмейміз, өзіңіз айтыңыз!
- Бұған дейін туыстарыма бермекші болғанмын. 1 миллион теңге деп едім, олар ақша беруден бас тартты.
- Сіздің ойлағаныңыз 1 миллион теңге ме?
- Иә.

Осы кезде «ерлі-зайыпты» полицей қалтасынан алдын ала арнайы дайындап қойған ақшаны шығарып, әйелдің көзіңше санап қолына ұстатады. Н.Есенова оны

терезенің жақтауына қояды. Сөйтеді де, баланы апыл-ғұпыл киіндіріп береді.

- Құжаттары ше?
- Құжаттары туысканымның үйінде, кейін әкеп беремін, әзірше баланы алып кете беріндер.

Осылайша безбүйрек ана әлі жасқа да толмаған сәбиін киіндіріп, бөгенің қолына ұстата салады.

Қос полицей пәтерден шыға сала, тергеу тобы үйге кіріп Н.Есенованы ұстайды. Үйіне тінту жүргізгенде, қомақты қаржы шығады. Шымкент қаласы полиция департаменті тергеу басқармасының тергеушісі Бекжан Қыдырбаевтың айтуынша, күдіктінің үстінен Қылмыстық кодекстің 225-бабы бойынша іс қозғалған. Назгүл Есенова сол баласын сатып, ақша тапқысы келгенін, өз іс-әрекетінің терістігін, ол үшін қатты өкінетінін, алдағы уақытта мұндай істі қайталамайтынын айтыпты.

— Тергеу деректерінен бұған дейін өз баласын саудалаған ананың Қаратау аудандық сотында Қылмыстық кодекстің 190-бабы, 2-бөлімі, 2-тармағымен алаяқтық қылмысымен 2 жыл бас бостандығын шектеу жазасын, 2019 жылдың сәуірінде екінші рет Әл Фараби аудандық сотымен 190-бабының 1-бөлігімен тағы 1 жыл бас бостандығын шектеу аланы белгілі болады. 2018 жылдың 12 қарашасында

Еңбекші аудандық соты күдіктіні 190-баптың негізінде алаяқтығы үшін үшінші рет соттайды. Айыпталушы арызданушыдан кешірім алып, екі жақтың татуласуына орай іс қысқартылған. 2020 жылы ұрлық бабы бойынша Қаратау аудандық ПБ-да күдікті ретінде тіркелген. Полиция капитаны Бекжан

Нұрматұлы «Ол бұл қылмысына дейін 5 рет қылмыс жасаған. Төртеуі — алаяқтық, біреуі — ұрлықпен байланысты», — дейді.

Күдікті Н.Есеноваға қатысты сот алдында «үйқамақ» түріндегі бұлтартпау шарасын таңдау туралы өтініш хат жолданып, Шымкент қаласының мамандандырылған тергеу сотымен қанағаттандырылған. Сот күдіктінің кәмелеттік жасқа толмаған бес бірдей баласының бар екенін ескеріп, «үйқамақ» түріндегі шара қолданған.

2020 жылдың 20 шілдесінде Шымкент қаласының кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотымен күдікті ҚК-нің 135-бабының

2-бөлігінің 12-тармағымен 6 жыл бас бостандығынан айыру жазасы берілген.

Тергеу жұмыстарының барысында көпбалалы ана Назгүлден «Не себептен мұндай қадамға бардыңыз?» деп сұраған ғой. Ол: «Күйеуіммен ажырасып кеттім. Мұқтаждықтан», — деп жауап беріпті. Қос тараптың уәжін тексеру барысында көпбалалы анаға мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақы беріліп келгені, тұрып жатқан пәтерін де мемлекеттен алғаны анықталған. Күйеуінен жауап алғанда, ол «пәтердің шығыны мен төлеп жүрмін» деген. Жанжалдасып, ажырасқан соң, әйел сот арқылы әкімшілік шара қолданып, әкесіне балаларын көрсетпей қойған. Содан кейін күйеуі үйдің ақшасын төлемей қояды. Әлі отызға да жетпеген жап-жас келіншек жұмыс істеуге қауқарлы. Арнаулы орта білімі бар. Бірақ адал жолмен еңбек еткісі келмейді. Оған ең оңайы бес баланың кішкентайын сата салу болыпты.

P.S.

Жоғарыда жазған қылмыстық істің екеуі де оңай жолмен олжалы болғысы келгендер туралы. Маңдай термен адал ақша тапқысы келмегеннен арсыз әрекетке, ауыр қылмысқа барған. Алтын мен ақшаға арбалып, пейілі бұзылған қандықол қарақшының артында жәутендеп төрт баласы мен келіншегі қалды. Ал 1 миллион теңге үшін емішкеттегі сәбиін сатпақшы болған безбүйрек ана аяуға да тұрмайды. Шнеттей бес баласы соттың шешімімен күйеуіне берілді. Оңай олжа кімді де болса, оңдырмайды.

Мәлдір КЕНЖЕБАЙ,
Шымкент қаласы

Атырауда есірткі тасымалдаған полицейлер қолға түсті.

Олар қылмыс үстінде құрықталған. Көпшіліктің жағасын ұстатқан оқиға 14 ақпан күні болды. Бірақ анау-мынау емес, білдей полицейлердің есірткімен ұсталғаны туралы хабар ғаламторда бір күн өткеннен кейін жарияланды.



Атырау облысы полиция департаментінен білгеніміздей, арнайы операцияны аталған департаменттің өзіндік қауіпсіздік басқармасы жүргізген. Есірткінің ауқымды бөлігін машина дөңгелегіне жасырып тасымалдамақшы болған полицейлерді әріптестері «Атырау – Доссор» тасжолында ұстады.

Атырау облысы полиция департаменті баспасөз-қызметінің жетекшісі Мейірім Ердаулет: «Аталған дерек бойынша, Атырау облысы полиция департаменті Қылмыстық кодекстің 297-бап, 3-бөлігі бойынша сотқа дейінгі тергеу амалдарын бастады. Ұсталған полицейлер полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының техникалық қадағалау бөлімінің екі қызметкері», — деп нақтылады.

Погон таққандар арасында ірілі-ұсақты қылмысқа қатыстылары болып тұрады. Бірақ есірткі тасымалымен ұсталуы Атырауда бұрын болмаған жағдай. Мәселен, 2019 жылы Атырауда полиция департаментінің басқарма басшысы мен оның орынбасары қызмет бабымен ірі көлемде ақша қымқырғаны үшін ұсталған еді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің мамандары ұстаған полицейлерден оқиға орнында 2 миллион теңге тәркіленген болатын. Олар жергілікті компания директорынан полиция департаменті автокөліктеріне қызмет көрсетуге қосымша келісім жасағаны үшін пара талап еткен. «Сыйлықты» жеке карталарына аударту арқылы алмақ болған полицейлер параны қолма-қол ақшаға айналдыру кезінде құрықталды.

Өткен жылдың жазында Атырауда полицейлерге қатысты тағы бір қылмыстық оқиға тіркелді. Пандемия ушығып, мыңдаған адам өмір үшін алысып жатқан сол кезеңде 31 және 23 жастағы полиция қызметкерлері бес жыл арқалап кетті.

Осыныша бас бостандығынан айырылған полицейлерге Индер ауданының Есбол ауылы тұрғындарына «күш көрсетті» деген айып тағылды. Есбол ауылында жүргізілген рейд кезінде көлікті



тоқтатып, сөзге келісе алмаған полицейлер оның жүргізушісіне күш көрсетіп, жанындағы жолдасы екеуін учаскеге алып кеткен.

Сот барысында көлікте болған жергілікті тұрғындар Айбол Құрманбаев пен Шынғыс Әліповке полицейлердің көз жасаурататын газ және электрошокер қолданғаны анықталды. Істі болған полицейлердің туыстары сот шешімімен келіскен жоқ. Десе де, погон таққан полицейлерге қатысты жағымсыз оқиға осылайша өткен жылдың қойнауында қалды.

Бірақ біз тізіп өткен оқиғалардың қасында басқа емес, полицейлердің есірткімен ұсталуы қоғамда үлкен әңгіме туғызып отыр. Сіз бен біз болып, «қауіпсіздігімізді күзетеді» деген полицейлеріміз ел аман, жұрт тынышта есірткі тасымалымен айналысып жүрсе, басына іс түскен адам сол полицияға барып, әділеттілік сұрай ала ма? «Бір құмалақ бір қарын майды шірітпеді» деген осы. Әйтпесе, өз өмірін өзге үшін қиып, бейбіт күнде кез келгеннің қолынан келе бермейтін ерлік жасап жатқан полицейлер аз емес...

Баян ЖАНҰЗАҚОВА,
Атырау облысы

6

www.jasqazaq.kz

Денсаулық сақтау

Бүгінде Көкшетау көпбейінді қалалық ауруханасының жұқпалы аурулар орталығы жайлы сөз ете қалсаңыз, «Ақылды аурухана» ұғымы қатар айтылатынын байқайсыз. Себебі аталған орталық жаңа технологиялармен жабдықталып, онда науқастарды жұқпалы аурулардан емдеуге қажетті жағдайлардың барлығы жасалған. Ең бастысы, инфекциямен күресте дәрігерлердің тәжірибесі мол. Инфекциялық аурулар орталығы Көкшетау қаласының сыртында облыстық фтизиопульмонология орталығына жақын маңда небәрі екі айдың ішінде бой көтерді. Аз ғана уақытта салынғанына қарамастан, орталық ғимаратының сапалы екеніне жуырда ашылуында болған меймандар көз жеткізген болатын. Мұнтаздай корпустары мен бокстарындағы ауа мен жарықтың молдығы және оларда орнатылған заманауи медициналық құрылғылар кез келген жанды сүйсінтпей қоймайды.

ҚЫСҚА МЕРЗІМДЕ САЛЫНДЫ

Биылғы жылдың тамыз айында ғана жана орталық салынбай тұрғанда оның орны «ку дала» болатын. Көкшетау-Рузав трассасының бойымен жүріп бара жатқан көліктердің арасынан топырақты тегістеуге кіріскен техниканы ғана байқауға болатын. Бір қарағанда, мердігер компанияға құрылысты жүргізуге берілген уақыт та жеткіліксіз



сияқты көрінетін. Алайда уақыт өткен сайын құрылыс алаңындағы жұмыс қызғанның үстіне қыза бастады, ал қарашаның алғашқы күнінде аурухана есігін айқара ашты. Ауруханаға апаратын жолға асфальт төселіп, автотұрақ салынды, айналасына жасыл желек отырғызылды. Кіреберісінде автокөліктерге арналған дезинфекциялау кондырғысы бар.

Орталықтың іші каншалықты заманауи етіп жабдықталғанын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. «Біздің аурухана 180 стационарлық және 20 реанимациялық төсек-орынға лайықталған. Мұнда түрлі жұқпалы ауруларға, соның ішінде коронавирус індетіне шалдыққан науқастар ем қабылдайды. Ұжыммыздың ортақ ойынша, мұнда ақ халаттылардың жұмыс істеуіне және науқастардың өздерін жайлы сезінуі өте жақсы жағдайлар жасалған», — деді жұқпалы аурулар орталығының жетекшісі Сәуле Жұматаева бізбен жаңа жұмыс орнындағы алғашқы күндерінен алған әсерімен бөлісу барысында.

ҚҰРЫЛЫС САПАСЫ ЖОҒАРЫ

Жаңа орталықты аралап көргенде, оның жетекшісінің сөзімен келіспеу қиын екенін түсінесіз. Аурухананың жел өткізетіндей етіп салынғанына қарамастан, мұнда өте жылы, әрі жайлы. Ыстық су тартылған. Әр палатада санитарлық тораптар мен жуынатын кабина бар. Тіпті жарық сөніп қалған жағдайда резервтік желілерді пайдалану мүмкіндігі де қарастырылыпты. Ал арнайы крандардан орталық бойынша филтрленген су ағады.

ЖАҢА АУРУХАНА – ЖАҢА МҮМКІНДІК

Аурухананың ең басты ерекшелігі — ауаны сүзгілеу және желдету жүйесінің болуында. Осының арқасында мұнда медициналық персоналдың да, науқастардың да індетке шалдығу қаупі төмен.

«Әр бокс-палатаның өзінің ауаны тартатын және шығаратын желдеткіш жүйесі бар, бокстар бір-бірімен байланыспайды. Коронавирус инфекциясы және ауа тамшылары арқылы берілетін басқа да көптеген аурулар наукас адаммен бір бөлмеде болғандарға қауіпті екенін бәріміз білеміз. Ал бұл жерде вирус таралған ауа палатадан желдету жүйесі арқылы фильтр-бокстарға түседі. Сол жерде зарарсыздандырылып, қажетсіз микробтарсыз қоршаған ортаға шығарылады», — деп түсіндірді Сәуле Жұматаева.

деп алаңдаушылық білдіруде. Бұған жетекшінің жауабы мынадай: «Мұнда жоба бойынша асхана қарастырылмағандықтан, ас-ауқат қалалық ауруханадан жеткізіледі».

БАРЛЫҚ ЖАҒДАЙ ЖАСАЛҒАН

Аурухананың жайлы болғаны жақсы ғой, әрине. Бірақ ең маңыздысы бұл емес. Емдеу тиімді болуы үшін жана орталық ең заманауи құралдармен жабдықталуы тиіс. Ол да үдеден шыққандай.



Мәселен, электрмен жабдықтау, желдету, байланыс және басқа да назар аударылатын жағдайларға қатысты акпаратты жинақтап тұрады. Ол сонымен бірге жайларды, медициналық қалдықтарды, аурухананың инженерлік дезинфекциялық кедергілерді зарарсыздандыру жұмысына бақылау жасауға да жауап береді. Бақылау және акпараттар есебінің жүйесі — науқастардың жағдайы туралы барлық мәліметті ахуалдық кабинетке шығарады.

Ахуалдық кабинеттегі мониторлардан шынымен де барлығын

байқап, қарап отыруға болады. Мұнда аурухананың инженерлік желілерінің барлық кестелері бар, науқастар туралы бүкіл акпарат та осында. Айталық, палаталарда, реанимацияда канша адам жатыр деген мәліметтерді білуге болады. Ауыр халдегі адамдар онда қызыл сызықтармен ерекшеленіп көрсетіліп, олардың аты-жөндерін, дене қызуын, қан қысымын қарауға болады.

«Әрбір медбикенін қолына планшет беріліп, онда күн сайын, сағат сайын анықталған науқастардың диагноздары мен хал-ахуалдары бойынша мәліметтер жазылып отырады. Бұл жазбалар ситуациялық кабинеттегі мониторларда көрініп тұрады», — дейді Сәуле Аймұхамбетқызы. Бұл жерде дәрігерлер барлық мәліметтерге қарап отырып, науқасты емдеудің тактикасына қатысты шешім шығара алады. Сонымен бірге басқа калалар мен облыстардың емхана, ауруханаларының мамандарымен және дәрігерлерімен бейнебайланыс арқылы консультациялар өткізіп, ақыл-кеңес жүргізуге мүмкіндік те бар. Бұл сондай-ақ персоналдың бір-бірімен контактіге түспеуіне мүмкіндік береді.

МАМАНДАРЫ БІЛІКТІ

Аурухананың кадр мәселесі орталық салынып жатқанда әу бастан шешіліп қойылған. Қадрлардың басым бөлігі, негізгі құрамы - Көкшетау қалалық көпбейінді ауруханасының тәжірибелі, жоғары білікті дәрігерлері мен медбикелері. Арнайы шақыртылған Нұр-Сұлтан, Шучинск қалаларының дәрігерлері мен мамандары да бар. Осы күні штатқа 137 медициналық қызметкер бекітіліпті. Көкшетау қалалық ауруханасы дәрігерлерінің коронавируспен күрес кезінде жинақтаған тәжірибесі мол. Себебі олар алғашқы толқында жүздеген науқастың денсаулығы үшін күресіп, қаншама жанның өмірін сақтап қалды.

Атап айтқанда, мұнда Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласының үздіктері, жоғары санатты дәрігерлер, пульмонолог-аллерголог Мауария Жұматаева, реаниматолог

Вера Жузанова, дәрігерлер Кристина Лихачева, Мейрамбек Жұмабаев, терапевт Бақытжан Алдабергеновалар бар. Сонымен бірге індетпен күресуді жана орталықта аға медбике Самал Қажғалиева да жалғастырды. Жоғары білікті медбикелер Ләззат Әбілғазина, Галина Веселевская мен Әсемгүл Төкеновалардың да бұл салада тәжірибелері жетерлік.

«Әрине, мұнда жұмыс режимі ерекше болары сөзсіз. Біздің басты мақсатымыз — індеттің таралуының алдын алу, жұқпаға шалдыққан науқастарды толығымен оқшаулап, олардың жазылып шыққанша,

халықпен байланысын болдырмау. Сондықтан пандемия кезеңінде орталықтың қызметкерлері вахталық тәсілмен 14 күннен еңбектеніп, кейін сонша уақыт дем алады. Жұмыс уақытында олар «Елікті» шаңғы базасында тұрады. Оларды жұмысқа апарып, алып келу үшін арнайы автокөлік ұйымдастырылады. Вахта аяқталған соң, ол базаға басқа вахта келеді. Бүгінде орталықта медицина қызметкерлерінің

бригадалары дайын», — деді Сәуле Жұматаева.

Уақыт өте келе пандемия да аяқталары сөзсіз. «Сол кезде бұл орталық не болады?» деген заңды сұрақ туындайды. Өнірдің бас инфекционист дәрігері бұл жағдайды та түсіндіріп берді: «Жаңа орталықтың базасында ол кезде барлық жұқпалы аурулар емделетін болады. Мәселен, коронавирустан басқа түрлі жұқпалы аурулар жетіп жатыр. Солардың бәрі осы жерде болады. Гепатологиялық, паразитологиялық, терінің жұқпалы аурулары, басқа да АИТВ секілді індет түрлері емделеді. Орталықтың жұмысы тоқтап қалмайды».

ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН

Коронавирус пандемиясы басталғалы әлем бойынша барлық мемлекеттердің денсаулық сақтау салалары сапа жағынан сыналып жатыр. Қазақстанда бұл ордайда инфекционист дәрігерлердің, медициналық техникалардың және де ең бастысы, мамандандырылған ауруханалардың жетіспеушілігі үлкен мәселе туғызды. Соңғы он жыл ішінде эпидемиологиялық қауіпсіздікке мән берілмеді. Оған себеп те бар. Біздің елде осындай айтарлықтай қатты тарап кететін, күрделі жұқпалы аурулар болған жоқ. Нәтижесінде біркратер стационарлар қысқартылды. Дегенмен, уақыт олардың бәрібір де біздің өмірімізде аса қажет екендігін көрсетті.

Биылғы күрделі жылы облыстың денсаулық сақтау саласына қазынадан 15 миллиард теңге шамасында кыруар қаржы бөлінді. Көптеген ауруханалардың материалдық базасы жаңартылып, медициналық құрал-жабдықтар, техникалар мен дәрі-дәрмектер көптеп сатып алынды. Егер осыдан екі-үш жыл бұрын біреу келіп, Көкшетауда екі айдың ішінде осындай аумағы 6,7 мың шаршы метрді құрайтын заманауи керемет аурухана салынады деп айтқан болса, біз ешқашан оған сенбейтін едік. Алайда бүгінде ол шындыққа айналды. Біздің мемлекетіміздің де осындай мүмкіндіктері бар екеніне әрқайсысымыз көз жеткізіп отырмыз.

Гүлшынар АЛПЫСБАЕВА,
Көкшетау қаласы

Індетпен күрес

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды бақылау мақсатында мобильді қосымшасы іске қосылды. Қосымша халық жиі бас сұғатын фитнес орталықтары, компьютер клубтары, монша, сондай-ақ ойын-сауық кешендерінде орнатылды. Ashyq жобасының басты мақсаты – көпшілік орына келетіндердің вирус жұқтыруына жол бермеу.



Бұл мобильді қосымша телефон арқылы жұмыс істейді. Алдымен QR-кодты сканерлеп, жеке сәйкестендіру нөмірін енгізу керек. Сол кезде 4 түстің біреуі шығады. Көк түс — жақын арада ПТР тестіден өтпегенді білдіреді.

Жасыл — тестіден өткен, вирустан ада екенін растайды. Сары — науқастармен байланыста болғандарға беріледі. Ал қызыл түс коронавирус жұқтырғандарға шығады. Сары және қызыл түс көрсетсе, қоғамдық орындарға кіруге рұқсат жоқ.

Жақында Алматы қаласының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин QR-код жүйесін пилоттық режимде пайдаланатын бірқатар нысандарды аралады. Алматы қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің баспасөз қызметі мәлімдегендей, олар — 12 қоғамдық тамақтану орны, 15 фитнес-залы, СПА және сауна.

Ashyq қосымшасының артықшылығын пайдаланған алғашқы кәсіпкерлердің қатарында Достық данғылы бойындағы «Қазақстан» спорт кешенінің директоры Айдана Сатова бар. Кәсіпкер өз нысаны үшін QR-кодты ақпан айының ортасында алыпты. Ол: «Біз өз келушілерімізбен сөйлесеміз, олардың денсаулығы біз үшін аса маңызды. Біреулер «сіз бассейнге келушілерді қалай басқарасыз» деп сұрап жатады. Шынында да, біз бассейнге шомылуға келгендерді белгілі бір жерде ұстай алмаймыз. Ал Ashyq қосымшасының арқасында кешен қызметкерлері де, келушілер де өз қауіпсіздігі үшін алаңдамайды», — дейді.

Бизнес ханымның айтуынша, акпаратты халыққа дұрыс жеткізу керек. «Мен фитнес операторлары қауымдастығының өкілдерімен сөйлестім. Басым бөлігі қосымшаның тұжырымдамасын түсініп, оның артықшылығын



бағалады. Соның арқасында өз клиенттеріне оны пайдалану қажеттігін түсіндіре алады. Біз келушілерді қосымшаны жүктеуге мәжбүрлемейміз. Көбі мұны өз еркімен жүктеді. Ал қалғандары өздерінің ЖСН-ін кешеннің әкімшісіне айтады, сол бойынша статусы жүзеге асырылады», — деп жалғады ол сөзін.

Тұтынушыларға өздерінің дербес деректері үшін алаңдауға негіз жоқ. Ол деректер ешқайда берілмейді, тек келушінің статусын тексеру үшін қажет.

Алматының бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин қосымшаның қалай жұмыс істейтінін өзі сынап көрді. Ол тексеруге бірнеше секунд уақыт кететінін атап өтті. Смартфонды QR-кодқа жүктелген қосымшамен алып, сканерлеу және кіру жеткілікті.

Бас санитарлық дәрігер: «Экранда статус түрлері көрсетіледі (көк, жасыл, қызыл немесе сары). Бұл қосымша мекемеге бір мезгілде келушілердің санын және оның жұмыс сағатын саралауға мүмкіндік береді. Осылайша, мониторинг тексерудің қажеттілігі азаяды», — дейді.

Қазір Ashyq пилоттық жобасы Алматы, Нұр-Сұлтан және Қарағанды қалаларында жүзеге асырылуда. Қосымшаны 15 648 адам жүктеген. Бүкіл ел бойынша нысандарға 99 QR-код берілді. Оның 27-сі — Алматыда.

Мақпал МАХАМЕТҚЫЗЫ

Бір еке, бір шешеден туғанымен, әр баланың мінезі әр түрлі. Отағасының қызмет бабымен бірнеше жыл ата конысымыздан алыстап кетіп, Мыңбұлаққа қайтып оралғанымызда ұлды болып, төбеміз көкке жеткендей қуандық.

Кенес дәуірінде, күні бойы мемлекеттің қызметінде жүрсе де, Канекеннің кей-кейде бір қызық түстер көріп, алдағы уақытта болатын оқиғалар жайлы аян алатын бір қызық қасиеті болушы еді. Бұл, сірә, іштей Жаратушы иемізге сыйынып, тобасы мен тәубесін ұмытпайтын жаны таза адамдарға тән тылсым дүние болса керек қой.

Отағасы партия мектебінде оқып жүрген кезінде сондай бір жақсы түс көріп, түсінде бабалары: «Әйелің ұл туады, атын Иманкелді қой» депті. Оянған соң, болашақта дүниеге келетін баланың есімін ұмытып қалмау үшін, үстелдің үстінде жатқан бір газеттің шетіне түртіп, жазып қойыпты.

Бүгінде орталығы Мыңбұлақ деп аталатын сол кездегі Бөген кеншарына көшіп келгенімізде туған баламыздың есімін ағайын-туыс, абысын-ажындар: «Бұның атын енді Бөгенбай деп қоятын шығарсындар!» деп күліп, қуанып жатқан кезде Канекен өзінің түсінде аян алғанын есіне алып, әлгі газетті көрсетіп, жұртты бір таңырқатты.

Екі жылдан кейін дүниеге тағы бір ұл бала келді. Оның есімін Бақыткелді деп қойдық. Иман екеуі тете болып өсті. Кей күндері араларында кәдімгідей кикілжің туып, қып-қызыл болып шекісіп қалып жатады. Ондай кезде отағасы ақылын айтып, татуластырып қояды.

Мен балалардың тәртібіне қаталдау болдым. Өйткені бұл өмірдегі барлық нәрсенің белгілі

тапсырылған жұмысты тап-тұйнақтай етіп орындап, сықылықтап күліп, әлдекандай бір жаңалық күтіп жүрген секілді.

Түс әлетінде шөпке кеткен балалар да келді. Жүздері күнге күйіп, терлеп-тепшіп, әбден шаршаған тәрізді. Біз тездетіп дастархан жайып, тамақты қазаннан түсіріп, шай демдеп, дайындық жасап жатырмыз.

Олар арбаның төңірегінде айналшықтап, өзара бірденені ақылдасып жүр.

— Қолдарыңды жуып, үйге кіріңдер. Тамақ дайын болды, — деп қоямын.

Неге екені, екеуінің де қабағы қату, көңілсіз.

Төмен қарап, үн-түнсіз отырып тамақ ішті.

— Әй, сендерге не болған? Ұнжырғаларың түсіп кетіпті ғой, — деймін.

— Жай әншейін. Ештеңе болған жоқ, — дейді екеуі бастарын шайқап.

— Шаршадыңдар ма?

— Иә. Шаршадық...

— Ештеңе етпейді. Өстіп-өстіп үйреніп кетесіңдер! Еңбек еткен адам жаман болмайды.



Ұлмекен
ЖАМАНҚҰЛҚЫЗЫ

БАҚЫТЫМДЫ САҒЫНАМЫН...

бір шегі мен өлшемі бар емес пе? Сондықтан баланы да бетінен қақпай, жөнсіз еркелете беруге болмайды деп есептеймін. Менің осы мінезімді білетін олар да тайсақтап, айтқанымды екі етпей орындауға тырысады.

Ал Канекеннің тәрбиесі басқа. Ол кісі бір-бірімен бала қораздар секілді шекісіп, қайта-қайта кеуде тірестіріп қала беретін тете балаларын шақырып алып: «Мен кеше бас бұғалтырдың үйіне бара қалып едім, балаларының бірін-бірі қалай сыйлайтынын, кішісі үлкенін қалай тыңдайтынын көріп таңғалдым» деп әңгіменің арқауын тым арыдан тартып, екеуін үнемі тәртіпке шақырып отырады.

Сол жылдары Канекеннің бір ескі «уазигі» бар еді. О шіркіннің жүргенінен, қаңтарылып тұрғаны көп болатын. Зәуіде бір жакка мініп бара қалсақ, тоқтаған жерінде өшіп қалып, екі-үш бала жабыла итеріп, әрен қозғалтып, әуірімдеп от алдырып жататын.

Міне, сол машина Иман мен Бақытқа жақсы ермек болды. Ауылдағы механик жігіттерді «ғатай-көкестай» деп үйге шақырып, әлгі «уазикті» шұқылап жөндейді де жатады. Сөйтіп жүріп екеуі де техниканың қыр-сырын ерте түсініп, тәп-тәуір-ақ игеріп алды.

Жазғы демалыста бұларға Нұрайшаның үлкен баласы Талғат келіп қосылады. Қайбір жылы, шамасы, бесінші-алтыншы класқа көшкен кездері ғой деймін, Канекен оларға Қайнарбұлақ жактан шөп тасыта бастады. «Оу, сендер енді жігіт боп қалдыңдар! Бұдан былай мына қордағы малдың бәрі сендердікі» деп мақтап, жігерлендіріп әрі аяқ астынан «байытыл» та қояды.

Олар болса, Канекене қиыла қарап: «Онда бізге шөп таситын арба жасатып беріңіз» дейді.

Сөйтіп жүріп, бір күні балалар айтқан арба да дайын болды. Иман мен Талғат Қайнарбұлақ жактағы Кемердің сазы деген өзектен шөп әкелуге кетті. Тәуба, тәуба деймін. Өз басым, ұл баланың да, қыз баланың да жастайынан еңбекке араласып, тұрмыс-тіршілікке икемді болып өскенін қалаймын. Өйткені бала күнімізде өзіміз де ата-анамызға қолғабыс жасап, шамамыздың келгенінше үлкендермен бірдей жұмыс жасауға тырысып өстік емес пе.

Қазан-ошақ жакта күнделікті тірлігімді жасап жүріп, Иман мен Талғаттың талабына іштей қуанып та қоямын. «Азамат болғандарыңнан, қолғанат болғандарыңнан» деп іштей айналып-толғанамын. Үйдегі қыздарым да бүгін көңілді, өздеріне

Түстен кейін тағы бір арба шөп әкелсеңдер, тіпті жақсы.

— Иә, мама, бәрі дұрыс. Бірақ біз түстен кейін бара алмайтын шығармыз...

— О неге?

— Арбаның бір жөңдейтін жері болып тұр.

— Ойбай-ау, кеше ғана жасатқан жана арба емес пе. Оған не боп қалды?

— Жай... Сол арба жасаған кісілерге жолығып келеміз қазір.

— Е-е, жарайды....

Мен іштей таңырқап, екі баламның бетіне кезек-кезек қарап, үнсіз отырып қалдым. Олар тамағын ішіп, орындарынан тұрып кетті.

Кейін естілдім ғой, жана арбаның бір кілтипаны бар көрінеді. Иман мен Талғат Кемердің сазына барып, шөп тиіп алып, қайтып келе жатқанда арба аударылып қалыпты. Аяқ астынан не болғанын түсінбей, екеуі шөпті қайтадан арттады.

Көп ұзамай-ақ тағы бір сайдан өте бергенде жана арба қойқаң етіп, бір бүйіріне қарай құлай кетеді.

Маскара. Үстіндегі шөп тағы да шашылып қалады. Екі бала мықшындап арбаны көтеріп, орнына қойған соң, шөпті қайтадан артуға мәжбүр болады. Бірақ біраз жүргеннен кейін ол тағы да аударылып қалады...

Сөйте-сөйте екеуі әбден шаршайды. Арбаның кілтипаны неден екенін де сол әбіржіп, қиналып келе жатқан кездерінде түсінеді. «Қап, мына екі дөңгелектің осын бір-біріне сонша жақын орналастырғаны несі?!» деп күйініп, бастарын шайқайды.

Ертесіне Иман мен Талғат ауылдағы гаражға барып, механик ағаларымен ақылдасып,

машиналардың дөңгелегінің арасын өлшеп, әлгі арбаның кем-кетігін түзетіп алды. Сөйтіп бұл да олар үшін ұмытылмастай бір сабақ болды.

Ал Бақыткелдім, айналайын Бақытым кішкентайынан темір-терсекке, техникаға өте құмар еді. Бір күн жүрсе, он күн үйде бұзылып тұратын ескі «уазиктің» қасынан шықпай шұқылап, білмейтін нәрсесін білетін кісілерден сұрап, керек-жарағын әр жерден іздеп тауып, машина жөндеуді де, жүргізуді де тез үйреніп алды.

Содан бастап әкесін жұмысқа өзі апарып, өзі алып келетін болды. Канекен оған дән риза. «Менің балам анау-мынау шопырларнды шаң қаптырып кетеді» деп мақтап қояды.

Жазғы демалысқа шыққан соң әкесінің жеке шопыры сияқты болып алды. Канекенді жайлаудағы жылқышыларға, қойшыларға апарарды. Кеншардың анау-мынау жұмыстарына да ызғып кетіп бара жатады. Кейде мен әзілдеп: «Әй, Бақытқа да еңбекақы жазып қойсандаршы. Үкіметтің жұмысын тегін істей бере ме?!» деймін.

Канекен болса, басын шұлғып, күліп: «Алтын асықтай

баламыздың асыл азамат болғанынан артық ештеңе жоқ қой, қазақ» деп қоюшы еді.

Сөйтіп жаз бойы папасымен бірге жүріп, Бақытым туған жердің ой-қырын, тарау-тарау жолдарын түгел танып-біліп алды. Бірде қаладағы Байсейіт ағасы оның ескі машинасына жана кузов әкеліп, механик жігіттерді шақырып, әп-әдемі етіп орнатып берді. Ой, сондағы баламның қуанғаны-ай! «Мама, мен енді папам екеуіңізді қалаға да апарып келе аламын» деп шаттанды ғой, күнім.

Содан кейін, расында да, біз сол машинамен туған-туысқандарға қыдырып, той-томалақтарға баратын болдық. Оған тіпті ауылдың қыз-жігіттері де қызығып, Бақытқа «бізді анда апаршы, мында апаршы» деп, өтініп, қиылып тұратынды шығарды.

Қазір есіме түссе, жүрегім суылдап кетеді. Негізінен ауылдағы ағайын әккөңіл әрі аңғалдау болып келеміз ғой. Кей күндері мына істің арты не болады деп ойланып жатпай-ақ, бір-бірімізге сеніп жүре береміз. Оны айтты отырған себебім, бірде жігіттер Бақытқа қолқа салып, сол машинамен Құләй деген әпкеміздің Құлжан деген баласына Төртқұлден қыз алып қашуға барыпты.

Бір жақсысы, жігіт пен қыз біраздан бері көңіл жарастырып, бірге қыдырып, әңгімелесіп жүретін болса керек. Бірақ бұл қолы қыз кездесуге шыққан кезде Құлжан мен Елубай деген досы екеуі екі қолынан тартып машинаға мінізеді де, Бөгенге қарай ала жөнеледі. Машинаны жүргізіп келе жатқан қаршадай ғана бала. «Ертеңгі күніміз не болады, қыз келіспей, шатақ шығарса, бұл бала да бізбен бірге жауапты болып шыға келеді-ау» деген ойларында жоқ.

Абырой болғанда, бәрі де сәтімен бітті ғой, әйтеуір. Канекен бар, мен бар, ауылдан тағы бір-екі адам қосылып, қыздың әке-шешесінен кешірім сұрауға бардық. Ел іші болған соң, бір-бірімізді бұрыннан танимыз. Оның үстіне қыз бен жігіт те бұрыннан бір-бірін ұнатып жүрген балалар. Тек сол кездегі «қыз айттыруға, қалың мал алуға болмайды, ол сәбет заңына қайшы» деген әңгімелерге байланысты әлгіндей «қыз алып қашудың» көбейіп кеткені болмаса. Ұзын сөздің қысқасы, қыз әкесі құдаларды көрген соң көңілі жібіп, төрге шақырып, сабыр сақтап, екі жасқа бақыт тілеп, бата жасады.

Бір кезде үй иелерінің: «Ал енді, шопыр баланы ішке шақырыңдар» деп қалмасы бар ма. Бағана бізді осында алып келген Бақыт машинадан түспей, жасырынып отырған болатын. Енді өзіне арнайы шақыртушы барғанда не істерін білмей, ұялып қалыпты. Үй иесі: «Әй, ұрлықшы бала келдің бе?! Тек Канекеннің баласы болған соң ғана аман қалып тұрсын, әйтпегенде...» деп сұқ саусағын шошайтып, док көрсеткендей болды да, артынша жүзін жылытып: «Айналайын, тілегін ақ болсын! Аған мен жеген бақытты болсын!» деп арқасынан қакты.

Иә-ә, сол бір ескі машинаны жөндеп, жаңартып жүріп Иманым да, Бақытым да техниканың «құлағында ойнайтын» болды ғой.

Бірде Созақ жактағы құдамыздың үйіне баратын болып, Канекендер жолға шыққанда Иман машинаны ұшыртып айдай жөнеледі емес пе. Сөйтіп жолдағы көліктердің бірінен соң бірін артқа тастап, зымырап озып келе жатады.

Канекен сонда жан-жағына таңдана қарап: «Әй, Иман, жолдағы мәшинелердің барлығы бұзылып қалған ба, немене, бір орнында тоқтап тұрған сияқты ғой» деп қасындағы кісілерді бір күлдірген көрінеді.

Ал қайтар жолда Иман біраз демалып алмақ болып, машинаның тізгінін Ергенбайға береді. Ол болса, асықпай, сабыр сақтап, баппен жүргізеді. Содан барарда екі сағат жүрген жолаушылар, қайтарда бес-алты сағат жол жүріп, ауылға әрөн жеткендей болады емес пе.

Сол күні Канекен: «Әй, қазақ, Созаққа самолетпен барып, пойызбен қайттық қой» деп және бір күлдіріп еді.

Иә, айтпақшы, машина демекші, менің есіме тағы бір қызық оқиға түсіп отыр.

Бұл өзі ертеректе, біздің жастау кезімізде болған. Онда Қайнарбұлақта тұратынбыз. Үнемі колхоз жұмысынан босамайтын Канекен бір ретін тауып, шопырлық курсқа жазылып қойған екен. Енді сол оқуын аяқтап, сынағынан сүрінбей өтіп, жүргізуші куәлігін алып, көңілі марқайып жүрген уақыты-ау деймін.



Бір күні түс әлетінде үйге үш-төрт кісі жап-жана жүк

машинасымен келе қалды. Канекен жана ғана жұмыстан оралып, мен даладағы ошаққа тамақ пісіріп жүргенмін.

Қонақ жігіттер келген соң тездетіп шай дайындауға кірістім. Олар Канекенмен амандасып, колхозға жана машина алып келгендерін айтып жатты. Өздері сондай көңілді екен. Колхозға бөлінген көліктің қағаздарын дер кезінде реттеп беріп, тездетіп әкелуге жағдай жасаған Канекене алғыс айта келген сынайлы.

Мен болсам, ішімнен: «Мына қонақтардың аузының салымы бар екен. Дәл тамақ піскен кезде келгендерін қарашы» деп іштей қуанып жүрмін. Кенет Канекен орнынан атып тұрып, алқа-котан отырған әлгі жігіттердің біріне қарап:

— Кәне, кілтті әкелші! — деді күлімсіреп.

Сөйтті де, сыртқа шыға жөнелді. Артынша гүр етіп оталған машинаның даусы естілді. «Әй, бұ кісі қайда бармақ?» деп ашық тұрған есіктен сыртқа мойнымды созып қарай бергенім сол еді, әлгі жана машина алға жүрудің орнына артқа қарай сілкіне қозғалып, даладағы ошақты үстіндегі қазан-мазанымен қиратып, төңкерді де тастады. Сорпа төгілген жерден қап-қара түтін бүрк ете қалды. «Ойбұй, обдалағы-ай!» деп мен сыртқа қарай ата жөнелдім.

Әлгі жігіттер де аяқ астынан не болғанын түсінбей, есік алдында антарылып тұр. Көбінкеден саскалақтап Канекен түсіп келе жатыр. Оларға қарап:

— Әй, мынаны задний скорысқа салып қойғандарың не?! — деп дауыс көтеріп қояды.

Жана машинаға түк те зиян келген жоқ.

Қирап қалған ошаққа, төңкеріліп жатқан қазанға, жерге төгіліп, ит рәсуасы шыққан тамаққа қарап, жыларман болып мен тұрмын.

Канекен өзіңше жұбатқан болып:

— Ештеңе етпейді, қазақ, ертен осы жігіттердің өзі-ақ саған жана ошақ жасап береді. Ол бұрынғыдан да жақсы болады, — деп қояды.

Әне, сөйтіп, Канекеннің алғашқы шопырлық тәжірибесі осылай күлкілі болып аяқталған-ды.

Қазір есіме алсам, соның бәрі де қызық, соның бәрі де балдай тәтті, бақытты күндер екен ғой.

Жастайынан темір-терсекке, техникаға үйір болған Бақытымның мектептегі сабағын ойлап, онашада уайымдап қоятынмын. Кенже ұлын қатты еркелеткенімен, Канекен де оның оқу-білімін ұмытпай, күнделігін қарап отырушы еді. Бақыттың кей сабақтан «үш» алып келгенін көргенде ойланып қалып: «Кеше мен, шақырған соң, аудандағы хатшының үйіне барсам, баласы сабақ оқып отыр екен. Қане, күнделігінді көрейінші деп қарасам, өңшен қаптаған «үштік». Соны көргенде «Менің Бақытым тек «беспен» оқиды» деп мақтандым. Естіп отырсын ба, Бақытжан, енді мені ұятқа қалдырмайсың ғой, ә», — деп баласымен әңгімелесіп отырып, тәрбиелеуге көшетін.

Содан соң Бақыт та құлшынып, барлық сабақтан «бес» алып келуге тырысушы еді.

Кейін есейген соң ол біздің бұл күдігімізді мүлде сөйлітпін, ҚазМУ-ге оқуға түсті де, сол жылы Түркиядағы Анкара университетінің экономика және менеджмент факультетіне ауысты. Ел көрді, жер көрді. Тіл үйренді.

Содан кейін Т.Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университетін, Қ.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетін тәмамдады. Сөйтіп бір емес, үш университеттен білім алып шықты.

Бірақ... тағдырдың жазуына не шара, Бақытымның ғұмыры қысқа болды...





AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Баһадүрбек Байтасов — ел тарихы мен әскери қызметте жарқын үлгі көрсеткен жарық жұлдыз. Ол Отан алдындағы борышын екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Украинаны, Сталинградты азат етуден бастаған. Соғыс аяқталған соң ендігі ғұмырын ел қорғауға арнаймын деген батыр ширек ғасыр Қазақстан шекарасын күзетті.

Жиында сөз алған ҰҚК құрметті қызметкері Тұрсын Уажанов: «Баһадүрбек Байтасовтың еліміз үшін, қазағымыз үшін, еліміздің бостандығы үшін қосқан үлесі зор. Быыл 23 ақпанда Баһадүрбек ағамыздың туғанына 100 жыл толды. Ал өзі басқарған шекара отрядының құрылғанына 97 жыл болды. Осыған орай, Зайсан шекара отрядында қызмет етіп жүрген офицерлерді, жауынгерлерді, олардың отбасыларын, сондай-ақ ардагерлерді мерейтоймен құттықтауға рұқсат етіңіздер. Елімізде аманшылық, бейбітшілік болсын, біздің шекарамыз әрдайым мықты күзетілсін», — деп жылы лебізін білдірді.

Өжеттік пен қайсарлық — қазақ ұлдарының бойынан табылатын асыл қасиет. Міне, сондай қайсарлығымен артына өшпес із қалдырған тау тұлғаның бірі — Баһадүрбек Байтасов. Батыр ағамыз

Отан тыныштығын күзеткен шекарашы, белгілі әскери және қоғам қайраткері, алғашқы қазақ генералдарының бірі – Баһадүрбек Байтасұлының туғанына 100 жыл. Айтулы датаға орай, Алматы тұрғындары генерал тұрған үйдегі мемориалдық тақтаға гүл шоқтарын қойып, рухына тағзым етті. Батырдың туған-туыстары мен ұрпағы оның ерен еңбегі мен адамдық болмысы жайлы әңгімеледі.

БАТЫР ЕСІМІ – ЕЛ ЖҮРЕГІНДЕ

— Кеңес одағы тұсында шекара қызметіндегі тұңғыш генерал атанған казак. Біле білген, бағалай алған ұрпақ үшін оның жүрген жолы, әр ісі ұлағатқа толы. Сондықтан Тәуелсіз ел патриотты ұрпақ тәрбиелеймін десек, оның негізін осындай тұлғалардың тағдырынан іздеген дұрыс.

Батырдың көзін көріп, тәлімін алғандар оның расында да атына сай баһадүр, елім деп өткен ер болғанын айтты. Бүгінгі еске алу жиынында батырдың бар болмысы, жарқын бейнесі сөз болды.

бірге төзіп, қол ұстасып бірге жүрді. Алғашқы рет бірге тұрған үйлерін қызықты етіп айтып отыратын. Көрер көзге еңселі, сымбатты еді. Ақылдылығы, қарапайымдылығы мен берік тәртібі өзгелердің жанында ерекшеленіп тұратын. Ең бастысы — қызметіне шексіз берілген патриот еді».

Бүгінде Әуе қорғаныс күштері, мемлекеттік шекараны қорғау күштері және ұлттық гвардия мен ішкі әскерлер арқылы өз қорғанысын бекітіп отырған Қазақстан алдында ұлдарын ұлықты етіп, тәрбиелеуде маңызды міндет тұр. Осы орайда, отаншылдықты сөзбен емес, ісімен көрсеткен Баһадүрбектей ағамыздың өнегелі ғұмыры осы



Жас ұлдарды тәрбиелеуге зор үлес қосқан Баһадүрбек Байтасовтың әскери-патриоттық тақырыптағы бірқатар кітаптардың авторы екенін де айта кетейік.

Жиында сөз алған Б.Байтасовтың қызы Энже Баһадүрбекқызы әкесі туралы ыстық естеліктерімен былай деп бөлісті: «Әкем үнемі күліп жүретін. Анам екеуі отау құрған кезде тар лашықта тұрған екен. Өмірдің қиындығына

саладағы әрбір ұланға ұлағат деп білеміз.

Генералдың еңбегі мен ерлігі ұрпақ жадында сақталуы үшін Алматы мен Түркістанда Байтасов атындағы көше бар. Сондай-ақ ел онтүстігінде әскери-техникалық мектеп Баһадүрбек батырдың есімімен аталады.

Мақпал
НОҒАЙБАЕВА



Әл Фараби атындағы ҚазҰУ магистранттары ауаның ластану деңгейін өлшейтін және ауа сапасын нақты уақыт режимінде тексеретін жаңа құрылғы ойлап тапты.

ҚазҰУ «Механика және математика» ғылыми-зерттеу институты (F3I) жанындағы компьютерлік ғылымдар зертханасында индустриялық серіктесі «Digital Alem» ЖШС-мен бірлесіп бірегей құрылғы жасалды. Жас ғалымдар жаңа жобамен бір жарым жылдай уақыт айналысып, өздерінің экологиялық мониторинг жүйесін көпшілікке ұсынды. Ноу-хау — бұл ауаның ластану деңгейін анықтайтын, пайдаланушының телефонына Bluetooth арқылы қосылатын және деректерді серверге жіберетін шағын құрылғы.



динамикасын анықтауға және әртүрлі факторларды ескере отырып, одан әрі өзгерістер туралы

ҚАЗҰУ ӨНЕРТАПҚЫШТАРЫНЫҢ ЖАҢА ЖОБАСЫ



Еділ НУРАХОВ

Бұл құрылғы адамның орналасқан жерін де анықтайды. Оның салмағы 150 грамм, батареямен жұмыс істейді және оны желі арқылы қуаттауға болады.

Магистранттардың алдын ала есептеулері бойынша, құрылғының өзіндік құны 30 мың теңгеден асады. Компьютерлік ғылымдар зертханасының меңгерушісі Еділ Нұрахов аспаптың жұмыс принципін былай түсіндірді: «Біз әзірлеген модульдер түрлі датчиктердің көмегімен ауа алуды жүзеге асырады және деректерді GSM/GPRS таратқыш арқылы серверге жібереді. Сервер деректерді құрылымдалған дереккор ретінде сақтайды. Олар картадағы қаланың экологиялық көрінісін білуге, ластану

болжам жасауға мүмкіндік беретін математикалық модельдермен өңделеді».

ҚазҰУ-дың жас ғалымдары Алматыда ластану деңгейі өте жоғары кезеңде жаңа өнертабыстың қажеттілігі де өзекті екендігін атап өтті. Қала тұрғындары мен бизнес өкілдері тарапынан бұл құрылғы өз тұтынушысын табады.




ҚазҰУ магистранттары:
Нұрдаулет ТАСМҰРЗАЕВ, Бейбарыс АМАНГЕЛДІ

Қала тұрғындары портативті құрылғының көмегімен қаланың ғимараттарындағы, аулаларындағы немесе аудандарындағы экологиялық жағдайды анықтай алады. Ал кәсіпкерлер эко-өнімдердің тізімін жасау үшін, бизнестің бағыттарын таңдай алады.

Жаңа құрылғыны жасаушылар «Smatr Siti» тұжырымдамасы аясында жаңа құрылғыны қолдана отырып, қаланың экологиясын сақтаудың тиімді құралын жасауға болатынын атап өтті.

Айдос
ҚҰСАЙЫНҰЛЫ



Қыштан бұйым жасау немесе көзешілік – ежелден келе жатқан қолөнер түрі. Бұл өнерден қазіргі замандастарымыз да кенде емес. Соның бірі – Нұрбол Ерболұлы. Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданы Бостандық ауылының тумасы. Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің көркем сурет-графика факультетінің «Бейнелеу өнері және сызу» мамандығын үздік дипломмен аяқтаған. Қазір Орадағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде қосымша білім беру педагогы болып жұмыс істейді. «Қыш құмыра» үйірмесінің жетекшісі.



Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — терімші

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-caim

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен ҚӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кеңсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2249;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Ait-Astana» әуесқалының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 күзлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.